1 АҚПАН,
2025 ЖЫЛ,
СЕНБІ
№12 (23 481)

1931 жылдың
4 қазанынан бастап шығады

ORTALYQ QAZAQSTAN

ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

ОНЛАЙН ЖАЗЫЛУ

www.ortalyq.kz www.instagram.com/ortalyq.kz/ www.facebook.com/ortalyq.kz/ info@ortalyq.kz

● 2 АҚПАН – ҰЛТТЫҚ БАСЫЛЫМ КҮНІ

Баспасөздің жүгі де, жолы да ауыр

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Ana tili» газетіне берген сұхбатында «Мен ақпарат кеңістігіндегі үдерістерді жіті қадағалап отырамын. Жазбаша мәтіндердің мән-маңызын төмендетуге болмайды. Мерзімді баспасөз бәрібір мемлекеттік саясаттан хабар беретін маңызды ақпарат көзі болып қала береді», – деген болатын. Ел Президентінің дәл осы екі ауыз тәмсілінен дәстүрлі БАҚ-қа деген қолдауды да, «мылтықсыз майдан» жауынгерлеріне жүктелер жауапкершілікті де аңғаруға болады. Иә, жаһанға «жасанды зерде» (GPT) жар салып, газет пен гаджет тайталасы өрекпіген өзгерістер дәуірінде өзегі талып тұрған қазақ баспасөзі – қолдауға зәру. Ал, бір жарым ғасырдан астам (қазақ тіліндегі тұңғыш басылым «Түркістан уәлаяты» газеті 1870 жылы жарық көрген) тарихы бар ұлт баспасөзі өзіне жүктелген жауапкершіліктен бір сәтке де жалтарып көрген емес.

Олай болса, бүгінгі сөз тағылымды тарихы, тар заманда танытқан тәуекелі, уақыт талабына сай талғамы бар қазақ баспасөзінің дәуір тынысымен үндестігі жайлы өрбімек.

Көлікжолды жасаған Ш.Адамбекова

Ерсін МҰСАБЕК,
«Ortalyq Qazaqstan»

Ұлттық басылым күні! Еншімізге тағы бір мереке бұйырды. Бөркімізді аспанға атып, еркімізді шектемес күнге жеттік деп жатырмыз. Лайым солай болғай!

Жалпы, Ұлттық басылым күнінің белгіленуі жан-жақты талданып, салмақты сараланған шешім болды. Қазақстан Президентінің ұлт баспасөзіне деген ықыласы мен құрметі, жанашырлығы мен көрегендігі тұр бұл шешімде. Ең әуелі атаулы күннің 2 ақпанға белгіленуінің өзінде үлкен тарихи маңыз жатыр. Бұл күні ұлт баспасөзінің бастауында тұрған «Қазақ» газетінің алғашқы саны жарық көрген. Тарихтың өзі сабақтастық негізінде түзілетінін ескерсек, Ұлттық басылым күнін «Төртінші билікті» төрге оздырар салтанатты сәт ретінде түйсінер едік. Алайда, бұл салтанат жолымызды жеңілдетер, бірақ жауапкершілік жүгін шегермейді.

Қазақ журналистикасының жанарындағы үміт оты сөнген жоқ, қаламындағы құдірет кеміген жоқ. Көмескілене бастаған үміт сәулесі де, қоламтадай бықсуға шақ қалған ошағымыз да қайтадан қоғамның шамшырағына айналды. Десек те, бұл күн – көл-көсір дастарқан жайып, даңғазаға бой алдыратын емес, тарихқа тағзым етіп, жоғымызды түгендейтін күн.

Ойымызды тарих, тәуекел, талғам ұғымдарының төңірегінде өрбітер болсақ, қазақ баспасөзінің қасиетті қара қазанын осы үш таған көтеріп тұр дер едім.

Тарих. Ол – қазақ халқының басынан кешкен талайлы тағдырын тасқа таңбалаған баспасөздің тарихы. Сонау XIX ғасырдан бастау алатын қазақ басылымдарының тарихы ақтаңдақ кезеңдермен ерекшеленеді. Ақиқатшылдығы үшін қуғындалған қаламгер, жариялылығы үшін жабылған газеттер... Мәселен, ұраншылдықты емес, халықтың рухын оятып, санасын серпілтуді көздеген бір ғана «Қазақ» газетінің тарихы мен тағдырында тұтас дәуірдің тынысы мен қазақ халқының шерлі шежіресі бар.

Солай бола тұра, біз сезінбей жүрген, сезінсек те, селт ете қоймаған бір олқылық бар. Ол – баспасөз тарихының толық зерттелмеуі. Жалғыз «Қазақ» газетінің ғана емес, тұтас қазақ баспасөзінің тарихы күдік арқалап, күмәнді күй кешіп келеді. Егер, баспасөз тарихы толыққанды зерттеліп, зерделенген болса, осы «Қазақ» газетінде Алаш арыстарының бүркеншек атпен жариялаған өткір мақалаларының авторларын дөп басып танитын едік. Күні бүгінге дейін бір мақаланың Әлихан Бөкейханның да, Ахмет Байтұрсынов пен Міржақып Дулатовтың да жинақтарында қайталана басылып жүргені осы олқылығымызды әшкерелеп тұрған жоқ па?! Ендеше, осыдан екі жыл бұрын белгіленген Ұлттық басылым күнін баспасөз тарихына байыппен үңіліп, байсалды байлам жасайтын күн деп есептеймін.

Тәуекел. Ол – Алаш арыстарының тас жұтқандай тәуекелі. Бұл туралы әңгіме де – қысқа. Өздері құғында жүріп, ұлттық идеологияның қажырлы қаруы ретінде «Қазақ» газетін шығарған қайраткерлердің сол тәуекелі болмаса, біз оташылдық жүйедегі патша үкіметінің үнжариясы болған «Түркістан уәлаяты» газетіне телміріп қалар едік. Алаш көсемдерінің күрескерлік рухы, дала қазағының санасын рулық деңгейден ұлттық деңгейге көтерген есіл еңбегі ескерілмей қалар еді...

Талғам. Уақыт талабы мен оқырман талғамы. Кешегі талғам мен бүгінгі оқырманның көңіл таразысы. Осы орайда айтылуға тиісті бір ақиқат бар. Қазіргі газет-журналдың оқырманы «қартайып» кетті. Мемлекет басшысының өзі «Газет-журнал оқу – жас кезімнен қалыптасқан дағды», – деді. Ал, қатардағы шенеуніктер газеттің бетін ашпайды. Ертеңгі күні ел тізгінін ұстар бүгінгі жас буынды тәрбиелеп отырған ұстаздардың өзі «Мұғалім мәртебесі туралы» Заң қабылданғалы газет-журналға назар салмайтын болған. Сонда, газет оқымайтын, қоғамда орын алып жатқан құбылыстардан мүлде бейхабар ұстаз ұрпақ тәрбиесімен қалай айналыспақ?

Ұлттық басылым күні – қастерлі мереке. Арнайы күн белгілеп, Президент пәрменімен атаулы күн болғаннан соң, бұл күн сол кәсіп иелеріне көрсетіліп отырған құрмет пен қолдауға өлшем болуы тиіс. Яғни, біз осы Ұлт баспасөзінің беделін көтеріп, абыройын арттырар шараларға кезек беруіміз керек! Ұлттық басылымдардың ұнжырғасы түспесін деген ниет – біздікі.

Мереке құтты болсын, әріптестер!

DIGITAL KAZAKHSTAN

Заң жобасы әзірленді

Елімізде IT саласында 180 мыңнан астам адам жұмыс істейді. Алдағы уақытта жасанды интеллект бағытында мамандар даярлау жоспарда.

–Жасанды интеллект әлемде қарқынды дамып келе жатыр. Елімізде осы салаға ерекше көңіл бөліп жатқанын атап өткеніміз жөн. Ұлттық концепция күшіне енді. Қазіргі таңда жасанды интеллект бойынша заң жобасы әзірленді, Мәжіліс қарауына жіберілді. Сонымен қатар, бізде eGov.kz жасанды интеллект енгізу жөнінде жұмыстар жүргізіп жатыр. БҰҰ рейтингінде eGov.kz 24 орында. Ал, онлайн қызмет көрсетуде 10-шы орында. Яғни, біздің елімізде цифрландыру жоғарғы деңгейде жүзеге асырылуда. Бұдан бөлек, елімізде жасанды интеллект жұмыс істейтін компаниялар да бар, – деді Жасанды интеллект және дамыту комитеті төрағасының орынбасары Мирас Закиев.

Сарапшылардың айтуынша, маман тапшылығы әрқашан болады. Тапшылықты жою үшін мектептер мен арнайы бағдарлама ашылуы қажет. Біздің есебімізше 2029 жылы жасанды интеллект бойынша білімі бар 1 млн азамат даярланады. Қазіргі таңда елімізде IT саласында 18 IT компания бар.

Өз тілшіміздің

Донор бар жерде өмір бар

Қазақстанда 4 мыңнан астам адам трансплантация кезегінде тұр. Нақты айтсақ, 4 080 адам. Оның 102-сі – балалар. Көбісі бүйрекке зәру, бауыр, жүрек пен өкпеге де мұқтаждары бар. Оларға сәйкес келетін донордың табылуы оңай емес. Сондықтан, олар донорды сарыла күтуге мәжбүр.

Сурет ашық дереккөзден

Жансая ОМАРБЕК,
«Ortalyq Qazaqstan»

Негізінде донорлық трансплантация елде 2012 жылдан бері жасалып келеді. Алайда, саланың дамуы баяу. 2012 жылдан бері барлығы 2 942 трансплантация жасалыпты. Оның көбісі тірі донордан. Яғни, отбасы мүшелері, туысы, жақынынан алып салынған орган. Ал, мәйіттік трансплантацияның үлесі небары 15%. 3 мыңға жуық отаның 454-і ғана мәйіттік донордан алынған. Күрмеуі шешілмей келе жатқан мәселе үнемі дәрігерлердің назарында. Осы жолы да Астана қаласындағы «Университеттік медициналық орталық» корпоративтік қоры аймақтағы медицина мамандарына донорлық және трансплантология бойынша шеберлік сағатын өткізді. Х.Мақажанов атындағы көпбейінді ауруханада өткен шараға дәрігер-анестезиолог, реаниматолог, қарқынды терапия мамандары, неврологтар және нейрохирургтер қатысты. Оларға спикерлер – корпоративтік қордың медициналық-нормативтік мәселелер жөніндегі бөлімнің бас менеджері Сәуле Шайсұлтанова мен Ерик Зугаров ми өлімінің қайтымсыз екенін анықтау, әлеуетті донорды дайындау және оның отбасы мүшелерімен дұрыс сөйлесу тақырыптарында сөз қозғады.

– Ел бойынша 7 трансплантация орталығы бар, – дейді Сәуле Талғатқызы. – Әр өңірде донорлық стационарлар бар. Әлеуетті донор табылса, олар бізге хабар беруі керек. Ықтимал донор дегеніміз – миы өлген науқастар. Ми өлсе, демек, ол адам өлдіге саналады. Олар тек жасанды тыныс алу аппаратына ғана қосылып тұрады. Бұндай адамдар донор бола алады. Алайда, барлығы жаппай емес. Егер ми өлімі тіркелсе, бір тәуліктен астам өмір сүру белгісін білдірмесе, мидың өлгені туралы шешім комиссия арқылы қабылданады. Егер марқұмның тірі кезінде донор болуға келісімі немесе бас тартуы болмаса, марқұмның туыстары шақырылып, рұқсат сұралады. Егер туыстары бас тартса, марқұм донор болмайды. Одан бөлек, қайтыс болған адамның ішкі органдары донорлыққа жарамды-жарамсыздығы анықталады.

Денсаулық

Спикердің айтуынша, мәйіттік донорлықты дамытуға заңнама тұрғысына кедергі жоқ. Шешім қабылдау қоғамның әр мүшесінің еншісінде.

– Қазіргі күні кез келген қазақстандық egov порталында немесе тұрғылықты жері бойынша тіркелген емханасында өзінің еркін білдіре алады. Өкінішке қарай, мәйіттік донор болуға келісім бергендер өте аз, – дейді Сәуле Шайсұлтанова.

Қарағанды облысы бойынша күту парағында 350-ден астам адам тұр. Қарағанды облысы бойынша аумақтық трансплантация үйлестірушісі Салтанат Сариеваның айтуынша, аймақта жылына 10-12 адамға трансплантация жасалады.

– Трансплантация мәселесінде аймақта аз да болса, өсу бар. Жыл сайын 2-3 науқасқа артып келеді. Бірақ, оның барлығы туыстық донорлар. Біз тірі донорлардан гөрі мәйіттік донорлықтың дамығанын қалаймыз. Сай келетін донор табылғанша науқастар емін ала береді. Көп науқастар кейінгі жылдары Беларуссияға барып ота жасатып келіп жатыр. Әрине, ол жақта ақылы. Қазақстанда трансплантация да, одан кейінгі күтім де тегін, – дейді Салтанат Сабырқызы.

ВАЛЮТАЛАРДЫҢ РЕСМИ БАҒАМДАРЫ: ●EUR/KZT 540.05 ●USD/KZT 519.28 ●RUB/KZT 5.31 ●CNY/KZT 71.62

Қазақстан Ұлттық Банкінің
31 қаңтар, 2025 жылғы дерегі бойынша

Батыл бастама, ұтымды ұсыныс керек

ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫНЫҢ ӘКІМДІГІ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Үкіметтің кеңейтілген отырысында алдағы кезеңге арналған негізгі міндеттерді белгілеген болатын. Өзекті мәселеге негізделген сегіз басымдықты айтқан Мемлекет басшысы кемшіліктерді де атап көрсетті. Бұл ретте экономиканың даму көрсеткіштері мен азаматтардың тұрмыс сапасының қандай болмағы Үкіметтен бөлек, әкімдердің жұмысына да байланысты екенін ескертті. Демек, дамудың жаңа векторы ретіндегі Президент көрсеткен әр тапсырма сапалы орындалып, тиісті нәтижеге қол жеткізген жағдайда ғана атқарылған істің тиімділігі туралы сөз қозғауға болады. Мемлекет басшысының тапсырмалары бойынша кеңейтілген мәжіліс өткізген аймақ басшысы Ермағанбет Бөлекпаев бұдан былай жұмыс барысында әркімнен дербестік, бастамашылық пен нәтиже талап етілетінін ескертті. Яғни, жаңа дәуір, жаңа технологиялық кезең құлықсыздықты көтермейді. Ал, мақсат – біреу. Ол – азаматтардың әл-ауқатын арттыру.

Салтанат ІЛИЯШ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Қаражат үнемді жұмсалады

Жалпы, өткен жылы облыс жақсы көрсеткіштерге қол жеткізгенін айту керек. Айтар болсақ, экономика 13,7%-ға өсіп, негізгі капиталға салынған инвестиция көлемі 1,4 трлн теңгені құрады. Одан бөлек, 200 млрд теңгеге 13 инвестициялық жоба іске асырылып, 2,5 мың жұмыс орны құрылды.

– Бірақ, әлеуетіміздің бұдан да жоғары екенін білеміз. Экономикаға жеке инвестицияларды тарту – Мемлекет басшысының бірінші орынға қойған басым міндеті. Облысымыз үшін экономикалық өсу нүктелерінің бірі – туризм болуы тиіс. Осы саланы дамытуға жағдайымыз бар. Сондықтан, осы бағытта белсенді жұмыс істеу керек. Оның ішінде қажетті инфрақұрылым салу және жеке инвесторларды тарту бойынша жүйелі жұмыстар жасау қажет, – деді Ермағанбет Қабдулаұлы.

Туризмнен бөлек, шетелдік инвесторларды да, отандық кәсіпкерлерді де тарта отырып, ірі жобалардың тізбесін жасау да алдағы міндеттердің бірі. Бұл ретте бірлесе атқарған жұмыс та өзінің нәтижесін беруде.

Облыс әкімінің қаржы-экономикалық мәселелері, шағын және орта бизнесті дамыту, мемлекеттік сатып алу, өнеркәсіп, индустриализация және инвестиция бойынша орынбасары Ермек Алпысов жалпы ішкі өнімдегі негізгі үлес өнеркәсіпте екенін айтады. Ол өткен жылы 12%-ға өскен.

Инвестиция тартуда да Қарағанды жыл сайын жақсы көрсеткіш көрсетуде. Мәселен, өткен жылы 1,4 трлн теңге инвестиция тартылса, биылғы меже – 1,5 трлн теңге.

Облыс әкімінің орынбасары облыс бойынша базалық объектілермен және коммуналдық инфрақұрылыммен қамтамасыз етуде қала – 91,3% ауыл – 64,6% екенін айтады. Яғни, қала мен ауыл арасында алшақтық бар. Одан бөлек, мектептердің 20%-ы күрделі жөндеуді қажет етеді. Жол және инженерлік инфрақұрылым да әбден тозған, ауылдар ауызсумен толық қамтылмаған.

Мемлекет басшысы тапсырғандай, бұдан былай қаражат үнемді жұмсалып, ең өзекті және әлеуметтік міндеттерді шешуге бағытталады. Бірінші кезекке ауызсу және коммуналдық инфрақұрылым сияқты мәселелер шығады. Бұл қала және аудан әкімдерінің де жауапкершілігіне байланысты.

Инфрақұрылымға салынатын қаржы көлемі артады

Президент Үкімет отырысында энергетика секторы, сапалы тұрғын үйдің, коммуналдық шаруашылықтың қолжетімділігі, тарифтер мен жолдар мәселелерін шешу бойынша міндеттерді белгіледі.

– Энергия тапшылығы мәселесін шешу үшін 2028 жылға дейін облыстың 3 энергия көзі – Қарағанды ЖЭО-3, «Топар ГРЭС» ЖШС, Балқаш ЖЭО-да жаңа 2 қазандық пен 4 турбинаны іске қосу жоспарлануда. Бірақ, инженерлік желілердің тозуы қиындық тудыруда. Жылу желілері – 64,4%, электр желілері – 68,6%, сумен жабдықтау – 46,6%, ал, су бұру желілері – 74,8%-ға тозған, – деді Ермағанбет Бөлекпаев.

Осыған байланысты биыл жылумен жабдықтау саласында 8,7 млрд теңгеге – 6 жоба және сумен жабдықтау және су бұру саласында 12,9 млрд теңгеге – 33 жоба жоспарланған. Одан бөлек, 3,2 шақырым жылу желілері, 98,9 шақырым су құбыры және кәріз желілері салынып, жаңартылады.

Облыс әкімінің энергетика, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық және құрылыс, көлік және жолдары жөніндегі орынбасары Азамат Тайжанов газ тарату желілеріне қатысты мәлімдеді. Айтуынша, Қарағанды мен Теміртауда салынған газ тарату желілері 9 589 жеке тұрғын үйге тартылған. Бүгінгі таңда 4 854 үй газбен жабдықтауға қосылған. Ал, биыл энергиямен жабдықтау бөлігінде 15 млрд теңгеден астам сомаға 85 шақырымнан астам электр беру желілерін қайта жаңарту, жаңғырту және құрылыс салу жөніндегі іс-шаралар жоспарланған.

– Сумен жабдықтау желілері бойынша 81,1 шақырым желі салу және қайта жаңарту жоспарлануда, оның 53,5 шақырымы – қалалық елдімекендерде, 27,6 шақырымы – ауылдық елдімекендерде. Одан бөлек, ауылдық жерде судың 25 блок модулі орнатылады. Осылайша, биылғы жылдың соңына дейін облыс тұрғындарын 100% орталық сумен қамтамасыз ету қажет, – дейді Азамат Айтбайұлы.

Қарағандыда құрылыс та қарқынды. Атап айтар болсақ, атқарылған құрылыс жұмыстарының көлемі – 117,7% немесе 665 337,6 шаршы метр екенін көрсетеді деректер. Биыл да бұл көрсеткіш төмендемейді. Жалпы, өткен жылдан кем болмауы тиіс.

Азамат Тайжанов «Ауылдық денсаулық сақтауды жаңғырту» ұлттық жобасы бойынша қазір 67 ауылдық денсаулық сақтау нысанының құрылысы жүргізіліп жатқанын айтты.

Қарағанды облысының әкімі Ермағанбет Бөлекпаев монополистерге тұтынушылар алдында есеп беру қажеттігін еске салды. Тұрғындар «Инвестиция орнына тариф» бағдарламасының іске асырылуы туралы хабардар болуы тиіс.

Агроөнеркәсіп саласын қолдау жалғасады

Үкіметтің кеңейтілген отырысында Мемлекет басшысы ауылдық елдімекендерді дамыту және агроөнеркәсіп саласын нығайту мәселесіне жеке тоқталған болатын. Облыс әкімінің агроөнеркәсіптік кешенді дамыту, қоршаған ортаны қорғау, табиғат пайдалануды реттеу және ТЖ мәселелері жөніндегі орынбасары Бауыржан Асанов биыл ауыл шаруашылығының жалпы өнімі өндіріс көлемі 522,0 млрд теңге деңгейінде жоспарланғанын айтады. Одан бөлек, ауыл шаруашылығы дақылдары алқабы 43,9 мың гектарға ұлғайып, 1 млн 205 мың гектарды құрамақ.

– Агроөнеркәсіп кешеніне тартылатын инвестиция көлемі 31,7 млрд теңге деңгейінде күтілуде. Жалпы құны 36,4 млрд теңге болатын 24 инвестициялық жобаны жүзеге асырып, 308 жұмыс орнын құру жоспарда бар. Республикалық бюджет есебінен «Сарыарқа» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы арқылы 12 ірі инвестициялық жобаларды қаржыландыруға 11 млрд теңге қарастырылып, «Ауыл аманаты» жобасы бойынша 2,0 млрд теңгеге 296 микронесие беріліп, 322 жұмыс орнын құруды жоспарлап отырмыз, – дейді Бауыржан Асанов.

Сондай-ақ, ветеринария қызметін материалдық-техникалық тұрғыдан жабдықтау мақсатында, 30 млн теңгеге құрал-жабдық және 120 млн теңгеге 12 автокөлік сатып алынған. Биыл тағы да 602 млн теңге жұмсалып, жоспарлы ветеринариялық профилактикалық іс-шаралар дер кезінде және сапалы жүргізілетін болады.

– Ауыл шаруашылығы өнімдерін басқа өңірлер мен Еуразия экономикалық одағының елдеріне экспансиялау саясатын ойластыру қажет. Ол жаңа нарықтарға жол ашады. Бұл жерде экспорттаушыларды қолдау және біздің фермерлерге көмектесу керек, – деді Ермағанбет Қабдулаұлы.

Әлеуметтік көмек нақты иесіне жетеді

Облыс әкімінің еңбек қауіпсіздігі, халықты әлеуметтік қорғау және жұмыспен қамту мен денсаулық сақтау мәселелері жөніндегі орынбасары Ораз Тәуірбеков болса, әлеуметтік саладағы басты міндеттерді мәлімдеді. Айтуынша, 2025 жылы 71 жаңа медицина мекемесі пайдалануға беріледі. Бұл тозығы жеткен ғимараттардың үлесін 39,8%-ға дейін төмендетеді.

Бүгінде облыста дәрігер тапшылығы бар. Атап айтқанда, Шахтинск, Приозерск қалаларында, Ақтоғай және Бұқар жырау аудандарында барлығы 180 дәрігер жетіспейді.

– Біз жас мамандарды тартуға және медицина қызметкерлерін материалдық қолдауға бағытталған 2024-2026 жылдарға арналған кадрлық стратегияны әзірледік. Өткен жылы 63 маманға 407 млн теңгеге көтерме жәрдемақы төленді, 203 қызметтік пәтер берілді. Бұл жұмыс биыл да жалғасады. Бұл мақсаттарға 419 млн теңге қарастырылған, – дейді Ораз Қайсаұлы.

Қасым-Жомарт Тоқаев биыл – «Жұмысшы мамандықтары жылы» екеніне тоқталып, осыған орай, маңызды іс-шаралар мен жобалар жүзеге асырылатынын, еңбек адамының абырой-беделін арттыру үшін нақты жұмыс жүргізілетінін де айтты. Қарағандыда да осы бағытта ауқымды жұмыстар атқарылмақ. Атап айтқанда, төрт мыңға жуық адам қысқа мерзімді курстарда оқытылады. Бұл өткен жылмен салыстырғанда 20%-ға артық.

Мемлекет басшысы айтқан тағы бір мәселе – мемлекет тарапынан берілетін әлеуметтік көмектің нақты иесіне жетуі. Бұл мақсатта биыл 2,4 млрд теңге жұмсалып, 19,0 мыңнан астам қамтылады.

Адами капитал – басымдықта

«Жұмысшы мамандықтары жылы» аясында үлкен жұмыстар атқарылатынын айттық. Осы бағытта кәсіпорындардың жоғары оқу орындарымен және колледждермен сұранысқа ие мамандар даярлау үшін ынтымақтастығы күшейтіледі. Жалпы, бұл шаралардың барлығы адам әлеуетін дамытуға барынша қолайлы жағдайлар жасауға бағытталған.

– Техникалық және кәсіби білім беру жүйесін сапалы реформалау басты назарға алынды. Жаңа кәсіптердің аймақтық атласы жасалды. Ол мемлекеттік тапсырысты қалыптастыру кезінде ескеріледі. Қосымша техникалық және кәсіптік білім беруде заманауи менеджерлерді даярлау бойынша «Karagandy Technoskills» жобасы іске қосылады, – дейді облыс әкімінің білім, ішкі саясат, тілдерді дамыту, жастар саясаты, дін, мәдениет және спорт істері жөніндегі орынбасары Әлібек Әлденей.

Балаларды мектепке дайындау да басты назарда екенін айтады облыс әкімінің орынбасары.

– Мектепке дейінгі білім беру мекемелеріне бармаған балалар үшін қосымша «Балақайлар мектебі» атты жоба іске асырылып жатыр. Ал, ата-аналар үшін 176 кеңес беру бекеті ашылды, бұған қоса «SabiDamu» платформасы арқылы онлайн кеңес алу мүмкіндігі бар. Жақында «Білімпаздарға арналған қызықты ғылым» пилоттық жобасы іске қосылады, – дейді Әлібек Үсенұлы.

Баяндамадан белгілі болғандай, биыл «Жайлы мектеп» Ұлттық жобасы аясында тағы 6 мектептің құрылысы жалғасады, 16 мектеп күрделі жөндеуден өтеді.

Тағы бір қолға алынған мәселе – орта білім беру ұйымдарына білікті, сапалы басшылық құрам дайындау. Осы мақсатта «Karagandy Jana Mektebi» арнайы кадрларды дамыту бағдарламасы іске қосылады.

Жалпы, облыста тұрғындардың өмір сапасын арттыруда да бірқатар жұмыстар қолға алынған. Бұл үшін спорттық инфрақұрылымның қолжетімділігі артып, мәдени демалыстар ұйымдастырылады.

Сондай-ақ, аймақ басшысы облыс бюджетін қалыптастыру кезінде қаражатты өзекті мәселелерге басым бөлу қажет екенін тапсырды.

– Әріптестер, біздің мақсатымыз – жай ғана жұмысты сипаттау емес, нақты өзгерістерге қол жеткізу. Ол үшін жасалатын жұмыстар ашық, тиімді және бюрократиясыз болуы қажет. Президенттің тапсырмалары барлық бастамаларға Темірқазық. Әрбіріңізден нақты ұсыныстар мен батыл қадамдар күтемін! – деді аймақ басшысы отырыс соңында.

Суретті түсірген
Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

● МЕРЕЙ

Өнер иесіне құрмет

Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Қали Байжанов атындағы концерттік бірлестіктің Тәттімбет атындағы академиялық қазақ халық аспаптары оркестрінің көркемдік жетекшісі Абуғалисын Шоқанбаевты 70 жасқа толған мерейтойына орай облыс әкімінің орынбасары Әлібек Әлденей арнайы қабылдап, өнер иесіне облыс әкімінің құттықтау хатын табыстап, сый-құрмет көрсетті.

Кездесуде облыс әкімінің орынбасары Әлібек Үсенұлы бүгінгі мереке мерейтой иесінің ғана емес, барша Арқа жұртының, өнерсүйер қауымның тойы екенін атап өтті. Өйткені, Абуғалисын Шоқанбаев – қазақтың шертпе күй мектебінің негізін салушы, қазақ өркениетінде айрықша із қалдырған ұлы күйші-композитор, әлемдік деңгейде ұлықтауға әбден лайық кемеңгер тұлға Тәттімбет Қазанғапұлының өміршең күйлерін шебер орындаумен қатар, оларды халық арасында насихаттап жүрген тұлға.

Абуғалисын Жақанұлы – сан қырлы, іздену мен бірнеше жылдық оқуды, зерттеуді қажет ететін аса күрделі дирижер дейтін жауапты мамандық иесі. Ол – Арқа топырағынан түлеп ұшып, күллі қазақтың мақтанышына айналған талант иесі Тәттімбет атындағы өнер колледжінде білім алып, Алматыдағы Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясында атақты композиторлар мен дирижерлердің шеберханасынан шыңдалып шыққан білікті маман. 40 жылға жуық шәкірт тәрбиелеп, бүгінде еліміздің белгілі де беделді тұлғасына айналып отыр. Оның ұзақ жылдық еңбегі, ізденісі мен мамандығына деген адалдығы ел алдындағы абыройын асқақтата түсуде.

Кездесу барысында өнердегі жанашырлары мен әріптестері Абуғалисын Жақанұлын 70 жылдық мерейтойымен құттықтап, ізгі лебізін жеткізді.

Өз тілшіміздің

Суретті түсірген
Александр МАРЧЕНКО

● ӨНДІРІС – ӨҢІР ӨЗЕГІ

Селеннің алғашқы легін жөнелтті

Балқаштағы «Қазақмыс прогресс» ЖШС кәсіпорны СТ-1 маркалы техникалық селен шығарды. Селен тазарту және шлак өңдеу цехында өндірілген өнімнің алғашқы жөнелтілімі 100 тоннаны құрады. Бұл – Қазақстанда алғаш рет бірегей вакуумдық дистилляция әдісі қолданылған өнеркәсіптік өндіріс. Жаңа технология селеннің әлемдік нарықтағы бағасының қосылған құнын 30%-дан 97%-ға дейін арттырды. Ал, өнімдегі селеннің мөлшері шамамен 99,5%-ды құрады.

Ербол ЕРБОЛАТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Аталған жоба 2017-2018 жылдары «Қазақмыс Прогресс» ЖШС Балқаш мыс балқыту зауытының (БМЗ) бағалы металдар цехындағы тазарту учаскесінің газ тазарту жүйесін жаңғыртудан басталған еді. Бұл тазартылмаған селен өндірісін жылына 60 тоннадан 100 тоннаға дейін арттыруға мүмкіндік беріп, оны тазартуды экономикалық тұрғыдан тиімді етті. Ал, бағалы металдар өндірісінің қосалқы өнімі болып есептелетін тазартылмаған селенді тазарту жобасын іске асыру 2020 жылы Балқаш өндірістік алаңында басталды. 2022 жылы жаңа өндірістік учаске іске қосылып, 2023 жылы өнеркәсіпте пайдаланыла басталған еді.

– Вакуумдық дистилляция әдісі селенді реагент қолданбай жоғары дәрежеде тазартуға мүмкіндік береді. Процесті экологиялық қауіпсіз етеді. Технологияны Satbayev University Металлургия және байыту институтының ғалымдары әзірледі. Осылайша бірегей қондырғы қолданысқа енгізіліп, түсті металдардың әлемдік нарығының талабына сай өнім өндіруге жол ашылды.

Қазіргі уақытта селен күн батареяларында, көшіру аппараттарында, шыны, керамика өндіруде, сондай-ақ, медицина мен химия өнеркәсібінде қолданылады. Балқаштағы жаңа өндірістің іске қосылуы Қазақстан мен «Қазақмыс» компаниясының түсті металдардың әлемдік нарығындағы экономикалық позицияларын нығайтуға жаңа мүмкіндік береді, – делінген кәсіпорынның хабарламасында.

Сурет облыс әкімдігінің сайтынан

● БІЗДІҢ СҰХБАТ

Ұлттық Құрылтай: ұлы мұратқа ұмтылыс

Қазақстандықтар жыл сайын қоғам өміріндегі екі ауқымды шараны асыға күтетін жағдайға жетті. Бірі – Президентіміздің жыл сайынғы дәстүрлі Жолдауы болса, екіншісі – Ұлттық Құрылтай отырысы. Екеуінде де еліміздің өткені сараланып, ертеңі салмақталады. Әсіресе, қарапайым халықтың баянды бастамалар мен тың идеялар алаңына айналған Ұлттық Құрылтай отырысынан күтері көп.

Karaganda Buketov University Басқарма Төрағасы-Ректоры, заң ғылымдарының докторы, Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының академигі Нұрлан Орынбасарұлы Дулатбековпен сұхбат барысында Ұлттық Құрылтайдың алдағы отырыстарында, сонымен бірге, ғылым мен жоғары білім беру саласында өзі көтеруге ниет еткен бастамалары мен ұсыныстары туралы әңгіме болды.

– Ұлттық Құрылтай Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасымен қазақстандық қоғамды біріктіру және диалог мақсатында құрылған бірегей алаң. Нұрлан Орынбасарұлы, Сіз Ұлттық Құрылтайдың мүшесісіз, Қарағанды облысындағы ғылым мен білім саласының өкілі болып табыласыз. Құрылтай отырыстарында қандай бастамалар көтеріп, ұсыныстар жасайсыз?

– Ұлттық Құрылтай отырыстарындағы басым бағыттардың бірі – ғылым мен білім беруді дамыту мәселелері. Құрылтай шеңберінде біз жұмыс органымен өзара тұрақты іс-қимыл жасасып отырмыз. Бұл бізге білім беру және ғылыми зерттеулер жүйесін жақсартуға бағытталған күш-жігерімізді тиімді үйлестіруге мүмкіндік береді.

– Нұрлан Орынбасарұлы, алдағы Құрылтай отырысында талқылау үшін қандай мәселелер мен бастамаларды басым орында деп санайсыз?

– Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев Ұлттық домбыра күніне арналған салтанатты іс-шарада: «Қазақ пен домбыра – егіз ұғым. Күмбірлеген домбыраның үні батырларымызға рух, ақындарымызға шабыт берген. Домбыра әрбір қазақтың рухын көкке көтеретін құнды қазынамыз болуға тиіс», – деп атап көрсетті. Біздің мәдениетіміз бен руханиятымыздың алтын діңгегі болып саналатын қазақтың күй өнері жөніндегі маңызды бір мәселе бар. Қазақ халқының күй өнері екі үлкен мектепке бөлінетіндігі белгілі. Дәстүрлі аспаптық музыканың асқар шыңы қасиетті өнеріміздің басында тұрған төкпе күй мектебінің атасы Құрманғазы мен шертпе күй өнерінің негіздеушісі Тәттімбет – еліміздің әлемдік өркениетке қосқан есімдері, ұлт мақтаныштары. Төкпе күй өнері Батыс Қазақстан мен Маңғыстау аймағында, шертпе күй өнері Арқа, Алтай-Тарбағатай, Қаратау, Жетісу өңірінде қалыптасқан. Күй атасы, композитор Құрманғазы мен оның шәкірттері орындаған төкпе күй өнері бүгінде ұлттық өнеріміздің шыңына айналды. Құрманғазы атындағы Мемлекеттік оркестрінің орындауындағы төкпе күйлер халқымыздың рухын көтеріп, тарихи жадысын шыңдап келеді.

Биыл – ұлы композитор, шертпе күй өнерінің атасы Тәттімбет Қазанғапұлының 210 жылдығы. Осы орайда Күй күмбезінің ұлы есімін қайта жаңғырту арқылы, ұлттық руханиятымыз бен құндылықтарымызды сақтауға, зерделеуге жол ашады. Мәңгілік мұрамыз күй өнерін дәріптеу, насихаттау және ұрпақ тәрбиесінде кеңінен қолданудан біздің ұтарымыз мол болмақ. Менің ойымша, биылғы мерекелі жылы, еліміздің бас қаласы Астанадағы өнер, мәдениет саласы мамандарын даярлайтын оқу орындарының біріне халқымыздың біртуар тұлғасы, композитор Тәттімбет Қазанғапұлының есімін берсе құба-құп болар еді. Алматыда – Құрманғазы, Астанада – Тәттімбет, домбыраның қос ішегіндей – төкпе күй мен шертпе күй шебер сабақтасып, жақсы жарасым табар еді.

– Жалпы Сіздің беделді заңгер ретінде цифрлық әділеттілікті дамыту жөніндегі ұсыныстарыңыз сот саласындағы реформалардың ілгері жылжуына оң ықпалын тигізеді деген сенімдеміз. Осы тұрғыдан алғанда, цифрлық технологияларды сот төрелігіне біріктіру азаматтар мен сот жүйесі арасындағы өзара іс жүргізу іс-қимылына қаншалықты оң әсерін тигізеді деп ойлайсыз?

> **Биыл – ұлы композитор, шертпе күй өнерінің атасы Тәттімбет Қазанғапұлының 210 жылдығы. Осы орайда Күй күмбезінің ұлы есімін қайта жаңғырту арқылы, ұлттық руханиятымыз бен құндылықтарымызды сақтауға, зерделеуге жол ашады. Мәңгілік мұрамыз күй өнерін дәріптеу, насихаттау және ұрпақ тәрбиесінде кеңінен қолданудан біздің ұтарымыз мол болмақ. Менің ойымша, биылғы мерекелі жылы, еліміздің бас қаласы Астанадағы өнер, мәдениет саласы мамандарын даярлайтын оқу орындарының біріне халқымыздың біртуар тұлғасы, композитор Тәттімбет Қазанғапұлының есімін берсе құба-құп болар еді. Алматыда – Құрманғазы, Астанада – Тәттімбет, домбыраның қос ішегіндей – төкпе күй мен шертпе күй шебер сабақтасып, жақсы жарасым табар еді.**

– Мен заңгер ретінде көтергім келетін екінші мәселе – цифрлық әділеттілікті дамыту. Цифрлық сот төрелігінің белсенді дамуы байқалады, онда сот қызметін цифрландыру процестері сот процестерін электрондық басқаруға ықпал етеді, бұл сот ісін жүргізудің тиімділігін арттыруға бағытталған жұмыстың инновациялық әдістерін енгізуді қамтиды. Алайда, ел халқы үшін сот төрелігінің қолжетімділігін одан әрі жақсарту үшін жасанды интеллект құралдарын пайдалануды жандандыру қажеттілігі туындайды, бұл азаматтар үшін қолайлы жағдайлар жасауға ықпал ететін болады. Мәселен, 2014 жылдан бастап Қазақстанда «Сот кабинеті» жүйесі жұмыс істейді, ол сот органдарының электрондық сервистеріне қол жеткізудің бірыңғай «терезесі» болып табылады, бұл халыққа интернет арқылы қашықтық режимінде соттарға жүгінуге мүмкіндік береді. Цифрлық технологияларды сот төрелігіне біріктіру азаматтар мен сот жүйесі арасындағы өзара іс жүргізу іс-қимылын жеңілдетіп қоймайды, сонымен қатар, құқықтық информатика саласындағы ғылыми зерттеулерге жаңа мүмкіндіктер ашады. Бұдан бөлек, Қазақстанда «Е-татуласу», «Онлайн-әңгіме», «Сот істерін іздеу», «Өтініштердің онлайн-конструкторы» және «Сот актілерінің банкі» сияқты түрлі электрондық сервистер табысты жұмыс істеуде. «Төрелік» жүйесі сот процесінің қолжетімділігі мен ашықтығын жақсартуда да маңызды рөл атқарады. «Е-қылмыстық іс» жобасы аясында барлық қылмыстық істердің 74%-ы ендігі уақытта соттарға электрондық форматта келіп түсуде. Мұның бәрі цифрлық технологияларды қылмыстық сот ісін жүргізуге интеграциялаудың айтарлықтай ілгерілеуін көрсетеді, бұл өз кезегінде сот органдарының жұмысын жеңілдетіп қана қоймай, қылмыстық істерді жедел және тиімді шешуге ықпал етеді. Қол жеткізілген табыстарға қарамастан, келесі проблемаларды бөліп айтар едім, мысалы: жасанды интеллектті қолдану арқылы халықтың құқықтық көмек алуға қолжетімділігінің болмауы; қолданыстағы цифрлық сервистер негізінен заң қызметтерін көрсететін мемлекеттік органдар мен мекемелердің пайдалануына арналған; халыққа уақытылы алынатын заң көмегінің болмауы есебінен елдегі сот істерінің ұлғаюы, осыған байланысты қоғамдағы жанжалдың өсуі. Осы тұрғыда істің кезеңдік сатылары туралы ақпарат беру, сот практикасын зерделеу, сондай-ақ оны қазақ және орыс тілдерінде жалпылау жолымен халыққа сот талқылауына дайындалуға көмектесуді қамтамасыз ететін сот істеріне дайындық бойынша автоматтандырылған жүйе құруды; қазақ және орыс тілдеріндегі жасанды интеллект және деректерді талдау құралдарын пайдалана отырып, халықтың сот шығындарын қаржыландыруды қамтамасыз етуге арналған сот процестерін қаржыландыру бойынша цифрлық сервис құруды; қазақ және орыс тілдерінде практикалық қолдану ерекшелігін ескере отырып, мәтіндік сұрау салу негізінде жасанды интеллектті пайдалана отырып сот құжаттарының конструкторын әзірлеуді; ҚР Сот әкімшілігімен, ҚР БП Құқықтық статистика және арнайы есепке алу комитетімен, ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігімен, ҚР Әділет министрлігімен ынтымақтастық орнатып, Меморандумдар жасасуды ұсынамын.

– Сіз ғылым мен жоғары білім беру саласында қандай ұсыныстар енгізуді жоспарлап отырсыз?

– Мен мұнда бірнеше проблемалық аспектілерді бөліп айтар едім. Біріншіден, бүгінде Қазақстан қарқынды демографиялық өсуді бастан кешуде. 2024 жылы мектеп түлектерінің саны шамамен 190 000 адамды құрады. Ағымдағы жылы бұл көрсеткіштің одан әрі артуы күтілуде. Түлектердің басым көпшілігі ҰБТ тапсырып, жоғары оқу орындарына түсуді жоспарлап отыр. Демографиялық өсімнің айқын позитивті жақтарына қарамастан, баспанаға мұқтаж басқа қалалық студенттер санының үнемі өсіп отыратындығына байланысты белгілі бір тәуекелдер де бар. Сонымен қатар, студенттерді тұрғын үймен қамтамасыз ету білім беру қызметтерін сапалы ұсынудың ажырамас бөлігі болып табылады. Астананың жоғары білім беру мекемелері дәстүрлі түрде Қазақстанның түпкір-түпкірінен келген мектеп түлектері үшін тартымды орын болып табылады. Сондықтан Астана жатақханаларындағы төсек-орындардың жетіспеушілігі жылдан-жылға өзектілігін сақтап отыр. Астана өңіріндегі жатақханаларда орын тапшылығы мәселесі толық шешілген жоқ. Демографиялық өсімге байланысты 2025 жылы мектеп түлектерінің саны күрт өсетінін, сондай-ақ, жаңа жатақханалар салу үшін бос жер учаскелерінің тапшылығын ескере отырып, Астананың жоғары оқу орындарында басқа қалалық студенттер үшін төсек-орындардың тапшылығы ұлғаятын болады. Менің ойымша, бұл мәселені шешудің бір жолы еліміздің орталық өңірлерінің бірінде, мысалы, Қарағанды облысында академиялық қалашықтар салу болмақ, бұл астаналық жоғары оқу орындардың жүгін жеңілдетуге көмектеседі. Мұндай жоба Алматы облысының жоғары оқу орындарының студенттері үшін дамыған инфрақұрылымы бар кампустар салынатын Қонаев қаласында басталды.

> **Тағы бір маңызды мәселе – отандық жоғары оқу орындарының жаһандық бәсекеге қабілеттілігін арттыру. Өкінішке қарай, бүгінгі таңда республиканың жоғары оқу орындарының көпшілігінде КСРО кезінен қалған оқу корпустары мен басқа да инфрақұрылым нысандары бар. Шындығында, білім берудің шекарасы жоқ, оны әлемнің жетекші жоғары оқу орындарында қашықтықтан алуға болады. Университетке оқуға түсе отырып, студенттер оқу ортасын таңдайды, ал егер біз олардың ең үздіктері бізде қалып, оқығанын қаласақ, онда олар үшін әлемдік стандарттар деңгейінде қолайлы жағдай жасау керек.**

Мен көтеруді жоспарлап отырған білім беру саласындағы екінші мәселе, бұл шекаралас мемлекеттердегі қазақстандық университеттер филиалдарының санын ұлғайту және Орталық Азиядағы білім беру орталығы ретінде Қазақстан Республикасының тартымдылығын арттыру. Бүгінгі таңда Қазақстан Республикасы шетелдік жоғары оқу орындарының филиалдарын ашуды қоса алғанда, басқа елдермен байланысты белсенді дамытуда. Мұндай практика жоғары білім беру жүйесін интернационалдандыру және жаһандандыру, сондай-ақ, Қазақстан Республикасының халықаралық білім беру аренасында өз позицияларын нығайтуға ұмтылысы аясында барған сайын танымал бола түсуде. Алайда, шетелде ашылған қазақстандық университеттер филиалдарының саны жеткіліксіз, бұл қазақстандық жоғары білім беруді халықаралық тұрғыда таныту деңгейін арттыруға кедергі болып отыр. Шекаралас мемлекеттерде қарқынды демографиялық өсім бар екенін ескеру қажет, бұл өз кезегінде сапалы білім алуға сұраныстың артуына әкеледі.

Тағы бір маңызды мәселе – отандық жоғары оқу орындарының жаһандық бәсекеге қабілеттілігін арттыру. Өкінішке қарай, бүгінгі таңда республиканың жоғары оқу орындарының көпшілігінде КСРО кезінен қалған оқу корпустары мен басқа да инфрақұрылым нысандары бар. Шындығында, білім берудің шекарасы жоқ, оны әлемнің жетекші жоғары оқу орындарында қашықтықтан алуға болады. Университетке оқуға түсе отырып, студенттер оқу ортасын таңдайды, ал егер біз олардың ең үздіктері бізде қалып, оқығанын қаласақ, онда олар үшін әлемдік стандарттар деңгейінде қолайлы жағдай жасау керек. Оқу және зертханалық корпустарды (GLP халықаралық стандарттары бойынша), студенттердің бос уақытын өткізу орталықтарын, спорт ғимараттарын және т.б. салуды және реконструкциялауды қоса алғанда, университеттердің қазіргі заманғы материалдық-техникалық базасын қалыптастыру стратегиялық бастама болуы тиіс.

– Жоғары білім беру саласындағы өзекті мәселенің бірі – докторантураға түсу барысындағы күрделі процестерді заманның талабы мен ағымына ыңғайлы етіп жеңілдету турасындағы ой-пікіріңізді білсек...

– Иә, жоғары білім беру саласындағы шешімін таппай келе жатқан тағы бір мәселе ретінде докторантураға түсу кезіндегі көптеген формалды талаптар мен рәсімдерді атауға болады. Қазіргі жағдайда докторантураға түсу көптеген формалды талаптармен және рәсімдермен байланысты күрделі процеске айналды, бұл үнемі аса қабілетті және ынталы кандидаттарды анықтауға ықпал ете бермейді. Осыған байланысты академиялық еркіндік қағидаттары шеңберінде докторанттарды іріктеу процесін университеттердің қарамағына беру ұсынылады. Мұндай қадам университеттерге өздерінің бірегей білім беру және ғылыми басымдықтарына сүйене отырып, іріктеу критерийлері мен тетіктерін дербес анықтауға мүмкіндік береді. Тиімді мысал ретінде батыстық университеттердің тәжірибесін айтуға болады, онда докторантураға түсу профессор-оқытушылар құрамы бағалайтын зерттеу ұсынысын (research proposal) дайындауға және қорғауға негізделген. Әрбір профессор немесе ғылыми жетекші кандидаттарды өздерінің ғылыми қызығушылықтары мен жобаларының ғылыми жұмыстың міндеттеріне сәйкестігі негізінде дербес таңдайды. Мұндай тетік жеке білім беру траекторияларын құруға, докторанттарды зерттеу процесіне тереңірек тартуға ықпал етеді, сондай-ақ университеттердің ғылыми дайындық сапасы үшін жауапкершілігін қалыптастырады. Қазақстанда бұл тәсілді іске асыру докторантураға түсу рәсімін жеңілдетіп қана қоймай, процесті неғұрлым икемді ету арқылы ғылым қажеттіліктеріне бағдарлай және үздік әлемдік тәжірибелерге сәйкестендіре отырып, оның тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді.

– Нұрлан Орынбасарұлы, уақытыңызды бөліп, сұхбат бергеніңіз үшін көп рақмет. Сіздің ұсыныстарыңыз бен идеяларыңыз біздің қоғамның оң өзгерістерге және дамуға деген ұмтылысын көрсетеді.

Сұхбаттасқан
Қайрат ӘБІЛДА

● ОҚЫРМАН ПІКІРІ

Тарих пен уақыт жаршысы

Елімізде екі жылдан бері Ұлттық басылым күні белгіленіп, ұлт баспасөзінің беделін көтеруге бетбұрыс жасалды. Мереке күніне «Қазақ» газетінің алғашқы саны жарық көрген (1913 жылғы 2 ақпан) күннің таңдалуында да тарихи мән жатыр. Айтулы мереке қарсаңында өзімнің сүйікті басылымым «Орталық Қазақстан» газетінің ұжымын құттықтап, мерзімді баспасөз туралы ойыммен бөліскенді жөн көрдім.

Мен мұғалімдер отбасында өскендіктен, газетті бала кезімнен оқимын. 1975 жылы отбасын құрғаннан кейін «Eqemen Qazaqstan», «Ortalyq Qazaqstan» және «Qarqaraly» аудандық газетін үйіме алдыратын болдым. Содан бері 50 жылдан астам уақыт өтті. Газеттің тұрақты оқырманымын. Сонау жылдары ақпараттың бәрін газеттен оқып, радиодан тыңдайтынбыз. Теледидардың өзі Қарқаралыға 80-ші жылдары ғана келді. Компьютер мен интернет тоқсаныншы жылдардан бастап келе бастады. Сол уақытта газеттерден көптеген игі шараларды, көтерілген мәселелерді, ғылыми-танымдық дүниелер мен қайраткерлердің еңбектері жайында оқып, тамсанып отыратынбыз. Одан бөлек, алуан түрлі сұхбаттар мен еңбек адамдары жайында жазылған дүниелер газет бетінен түспейтін. Әр санын үзбей оқып, керек дүниелерімді түртіп қоямын.

Өзімнің де 30 шақты мақалам осы газет бетінде жарияланды. Газет ұжымымен үнемі шығармашылық байланыстамын. «Қазіргі уақытта газет-журналды біреу оқи ма?» деген алып-қашпа сөздер көп. Мен мынандай бір мысал келтірейін.

Қарқаралы ауданында 10 жыл әкім болған Ниханбай Омарханов жұмысын газеттерге шолу жасаумен бастайтын. Сонда «Әр мекемеге қажет болады» деген мақалалардың астын сызып, мекеме басшысына жолдаушы еді. Артынша мекеме басшысының да пікірін алып отырды. Керісінше, қазір мені «Газет оқитын әкім бар ма?» деген сауал мазалайды.

Әкем – 40 жыл ұстаз болған кісі. Ұлы Отан соғысының ардагері әрі «Ерлігі үшін» және тағы да басқа марапаттардың иегері. Ақтерек ауылындағы Ахмет Байтұрсынов атындағы мектептен ұрпақтары бірігіп арнайы кабинет ашып берген болатын. Сол жайында «Қарқаралыда қадірлі ұстаз ұлықталды» деген тақырыппен мақала газет бетіне басылды. Сол мақала шыққаннан кейін облыстық білім басқармасынан бастап басқа да құзырлы органдар «Аға, осындай игі іс атқарып жатыр екенсіз» деп хабарласпағанына қарағанда, көңілге «Бұлар газет оқымай ма?» деген күдік ұялайды.

Қазір бәрі электронды нұсқаға көшті ғой. Газетіңізді интернеттен-ақ оқып аласыз. Бірақ, мен Қарағандыға көшіп келсем де, газетті үйге алдырып оқимын. Себебі, біз газетпен өстік. Ал, газет – тәрбие құралы. Ұлт пен уақыттың жаршысы.

Тілек САДУАҚАСОВ,
Қазақстанның
еңбек сіңірген
қайраткері,
Қарқаралы ауданының
Құрметті азаматы

Сурет **ашық дереккөзден**

● 2 АҚПАН – ҰЛТТЫҚ БАСЫЛЫМ КҮНІ

Оқырманның өмір мектебі

Ұлттық баспасөз сөз болғанда облыс тұрғындарының басты басылымы «Орталық Қазақстан» жайлы айтқанымыз жөн болмақ. Өзінің алғашқы саны шыққанына бір ғасырға жуықтаған, дәлірек айтсақ, 94 жыл болған бұл басылым осыншама уақыт оқырманның өмір мектебі болды десек, артық айтқандық емес. Өз заманында еліміздің бас үн парағы «Социалистік Қазақстан» тәрізді аптасына алты рет жарық көрген осы біздің облыстық газет болатын. Күнде шығатын болғандықтан, оның жұмысы да ауыр еді. Редакцияда күнделікті газет шығаратын техникалық қызметкерлерді қосқанда 50-ден астам адам қызмет етеді. Аудандардағы меншікті тілшілерді қосқанда 30 шақты журналист болды. Және қандай журналистер дейсің ғой, бәрі бірінен-бірі өткен мүйізі қарағайдай қаламгерлер еді. Ол уақытта «Орталық Қазақстанға» қызметке кіру әрбір жас журналистің арманы болатын. Қатардағы корректор болуға кезекке тұратын.

Республикалық газетке деңгейлес, атағы жер жарған облыстық газетке қызметке іліккен журналистердің бірі болғанымды әлі күнге мақтаныш көремін. Сол кездегі бас редактор Рамазан Сағымбеков марқұм мені Егіндібұлақ ауданындағы «Ленин туы» газетінен арнайы шақырып алып еді. Кабинетіме өзі телефон соғып: «Серік, бұрын бір келгеніңде облыстық газетке ауысқың келетінін айтып едің. Сол ойыңнан қайтып қалған жоқсың ба?» деп сұрады. Менің жауабымды тыңдап алды да: «Онда ол жақтан есеп айырысып, мұнда кел. Бір орын босап тұр» деді. Қуанышым қойнымa сыймай, 1982 жылы 1 наурызда Қарағандыға жетіп келдім. «Орталыққа» қабылдандым. Сөйтсем сырттай бақылап жүреді екен. Осының алдында ғана газеттің еңбек адамдары туралы үздік очеркке жарияланған бәйгесін штаттан тыс тілші ретінде жеңіп алған едім. Әлі есімде «Қазақстанның 40 жылдығы» совхозының орденді механигі туралы очерк жазғанмын. Сонымен, көптен армандаған «Орталықтың» тілшісі болып шыға келдім.

Қарасам мұнда журналист көп, жұмыс қауырт. Газет аптасына алты рет шығатындықтан материал шақ келмейді. Сондықтан әр журналист күніне 250 жол мақала беруге тиісті. Жай мақала емес, оқырман хаттары мен штаттан тыс тілшілердің қорытылған, яғни әдеби өңделген материалдары болуы керек. Өзіңнің атыңнан жазған мақала есепке алынбайды. Сол себепті күні бойы редакцияға түскен оқырман хаттарын қорытамыз. Үлгермесек үйге алып кетіп, қолмен жазып әкелеміз. Бірақ сол дайын мақаланы машинкаға бастырудың өзі проблема болып шықты. Машбюрода 4 машинистка бар. Жиырма шақты журналист сонда кезекте тұрады. Мен сияқты жаңадан келгендерді итеріп тастай береді. Содан машбюроны аңдып, қай апай «қайырымдылық» жасар екен деп күтіп отырамын. Менің бақытыма орай мұнда Айша деген апай бар екен. Руы – Жарылғап, Қу өңірінен екен. Менің қайдан келгенімді білген соң, «Бауырым, мақаланды маған әкел» деді. Енді бір қарасам, шыққан тегі НұрбикеШаншар Тоқан Әбуғалиев деген журналист ағайдың жұбайы Күлзия да осы машбюрода бар екен. Бір апай, бір жеңгей тауып алып, мақала бастыру мәселесін шештім.

Редакцияда менімен жасы шамалас Еркін Лұқпанов, Мағауия Сембаев, Сәттар Тұрғанбеков, Гүлсім Оразалиева тәрізді жас журналистер болды. Қалғандары 50-60-қа жақындап қалған жасамыстар еді. Тіпті зейнеткерлікке шығып қызмет етіп жүрген Қағазбек Сәденов, Хайриден Әубәкіров деген қырлы қаламгерлер болды. Бұдан кейін Есімбек Бәйтенов, Тоқан Әбуғалиев, Асхат Темірбаев, Қайыркен Сұлтанов, Сағиолла Аңсаров, Базарбай Мұстафин, Қанат Жойқынбаев, Зарқын Тайшыбаев, Шайхан Жандаев, Амантай Сағындықов, Рымқұл Сүлейменов, Мақсұт Халиоллин тәрізді белді журналистер болды. Осы ағалар бөлім меңгерушілері, жауапты хатшы, редактордың орынбасары болғандықтан солардың қол астында қызмет етуге тура келді. Олардың әрқайсысынан үйреніп, жақсы жақтарынан үлгі алуға тырыстық. Бөлім бастықтары жазған мақаланды шимайламауы үшін олардың жазу стиліне бейімделуге ұмтылған кездер де болды. Осылайша білмегенімді ағалардан үйреніп, 2-3 жылда ұжымның бір белсенді мүшесі болып шыға келдім. Редакцияға Төлеубай Ермекбаев, Дәулетбек Мақашев, Жұлдыз Тойбекова, Болатбек Қауысов деген жас журналистер қосылды.

Өткен ғасырдың 90-жылдары Одақтың тоқырауына орай газет жұмысы да, құрылымы да өзгеріске ұшырады. Газеттің басылу технологиясы жаңарып, компьютер кеңінен қолданыла бастады. Буын алмасу болды. Енді біздер аға буынның орнын бастық. Жастарға тәлімгер болып, білгенімізді, өмір тәжірибемізді соларға үйрете бастадық. «Орталық Қазақстан» газетінің ұжымына Қайрат Әбілда, Серік Сағынтай, Жанат Жаңқашұлы, Қамбар Ахмет, Мирас Асан және басқа да жас журналистер қосылды. Бұдан басқа бір екі жыл істеп, басқа жаққа кетіп жатқандар да болды. Қазіргі күнде сол жігіттердің өсіп, өз алдына бір тұлға болғанын мақтан етеміз.

Ұлттық баспасөздің қарашаңырағының бірі облыстық «Орталық Қазақстан» газеті 90 жылдан бері оқырманмен қауышып келе жатса, соның 32 жылында осы газетті шығаруға қатысып, ыстық-суығын көргенімді мақтана айта аламын. Біз қызмет еткен жылдардың өзінде редакцияға талай журналист келіп, тұрақтай алмай кетіп жатты. Бірақ біздің буын түп қазанда қалып, 30-40 жыл адал қызмет етіп, зейнеткерлікке шықтық, ардагер журналист атандық. Әлі де қаламды тастамай газетке оны-мұны жазып тұрамыз. Қазір жап-жас қыз-жігіттер орнымызды басып, газетті шығарып жатыр. Олардың жазған дүниелерін күнделікті оқып, тамсанып жатамыз, жас журналистердің тілеуін тілейміз.

Қорыта айтқанда, осынау айтулы күнде «Орталық Қазақстан» газетінің ұжымына ардагерлердің атынан табыс тілейміз. Жазар көбейсін!

Серік СЕКСЕНҰЛЫ,
Қазақстанның Құрметті журналисі

● «ГАЗЕТ – ХАЛЫҚТЫҢ КӨЗІ, ҚҰЛАҒЫ ҺӘМ ТІЛІ»

Ахуалың қалай, аудандық газет?

Қоғамда «адамдардың газетке қызығушылығы төмендеп кетті» деген жаңсақ пікір бар. Алайда, газет кешіксе, бірден редакцияға қоңырау шалатын немесе іздеп келетіндер оқырманның мол екені бізге аян. Бүгінде газеттің қалың оқырманы аудан мен ауылдарда тұрады. Ауылдағылар газетті қалай іздейді?

Ауданда жаяу-жалпылап жүріп, редактор бастап, тілші, беттеуші және хатшы жабылып бір газетті шығарады. Газет ауылға жетпесе, ғұмыр бойы оны жаздырып алатын, кешіксе жәдігері жоғалғандай мазасыздана бастайтын қариялар редакцияға келеді. Тілшілер ақсақалдың жата-жастана жақсылап оқуы үшін газетті үйге мезгілінде жеткізу «Қазпоштаға» байланысты екенін түсіндіріп, жылы сөзбен шығарып салады. Қыста басылымды елдімекендерге жеткізу тіпті баяулайтыны бар. Әлі газеті қолына тимеген қария таяғына сүйеніп тағы келеді. Оқырман мен газет арасындағы ерекше байланыс осылай қалыптасады.

Цифрлық технология дамыған заманда уақыттың әрі оқырманның талғамына сай басылым шығару оңай емес. Оған қоса уақыт өте келе аймақтағы аудандық газеттердің жекешеленгенін ескерсек, баспасөздің бүгінгі жай-күйі алаңдататыны рас. Не десек те, нарықтың күрделі кезеңдерінен өткен аудандық газеттер жабылып қалған жоқ. Олар қолдауды қайдан алады? Ұлттық басылым күні қарсаңында аудандық, қалалық газеттердің жағдайын біліп, осы сауалымызды басылым басшыларына жолдаған едік.

Қуаныш АМАНҚҰЛОВ,
«Балқаш өңірі» газетінің редакциясы» ЖШС директоры

Оқырманның олжасымыз

Қолыңыздағы газетке қылт еткен дүниеміз шықса, баладай қуанып жататынымыз жасырын емес. Әлі есімде, 7 сыныпта оқып жүргенімде өзіміздің «Орталыққа» алғашқы жазған «Ауылыма» деген жүрекжарды өлеңім жарық көрді.

Содан арман қуып Алматыға жеткенбіз. Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі мамандығын игердік. Табиғатым газетті, редакцияны аңсап тұратын. Ақыры, 2011 жылы газетке біржола келдім. 90 жылдан астам тарихы бар «Балқаш өңірі» газетіне тілші болып қабылдандым. Газеттің редакторы, жазушы Жанболат Башардың мектебін көрдім.

2019 жылдан бастап аймақтық «Балқаш өңірі» газетіне басшылық жасау міндеті маған сеніп тапсырылды. Ол кезде газет басшылығы жергілікті әкімдіктің құзыретімен тағайындалатын. Қазір редакция тұтастай жекеменшікке өтті. Біздің редакцияда осы күні белгілі журналистер – сазгер Қуандық Сәденов, ақын Нұрдос Кәрім, Еркеназ Бақтораз, Гүлзат Кәукербекова қызмет жасайды. Техникалық бөлімдегі мамандар еңбегін ерекше бағалаймыз. Бастысы, өткен тарих пен бүгінді сабақтастырып, оқырманның талғамына сай дүниелерді газетке жариялап отыру.

Мемлекет басшысы атап өткендей, «Газет-журнал оқу – жас кезімнен қалыптасқан дағды...

Мен ақпарат кеңістігіндегі үрдістерді жіті қадағалап отырамын. Жазбаша мәтіндердің мән-маңызын төмендетуге болмайды. Мерзімді баспасөз бәрібір мемлекеттік саясаттан хабар беретін маңызды ақпарат көзі болып қала береді».

Гүлнәр ЕЛЕУСІЗОВА,
аудандық «Aqtogai ajary» газетінің редакторы

Тарих алдындағы парыз

Қалам тербеп жүрген барша әріптестеріміз үшін Ұлттық баспасөздің бастауында тұрған «Қазақ» газетінің алғашқы саны жарыққа шыққан күн аса маңызды. «Ұлттық басылым күнін» Алаш баспасөзінің туған күні деп ерекше атап өту – тарих алдындағы парызымыз. Бұл жолдың бастауында Ахмет Байтұрсынұлы, Әлихан Бөкейханұлы секілді ұлт зиялылары тұр.

Баспасөз алаңында 87 жыл қызмет етіп келе жатқан «Aqtogai ajary» аудандық газеті – облыстағы алдыңғы қатардағы басылым. Қазіргі таңда 5 қызметкер жұмыс істейтін газеттің 1200 оқырманы бар. Басылым жылына 8-12 беттік тұрақты 50 нөмірін шығарады. Жыл сайын журналистердің кәсіби мерекесі қарсаңында өтетін облыс әкімінің «Алтын сұңқар» сыйлығын газеттің 7 қызметкері иеленді.

Әрине, күрделі мәселелер бар, оның бірі – мемлекеттік сатып алу жүйесіндегі кедергілер. Аудандық бюджеттен жылына 15-20 миллионға жуық қаржы бөлінгенімен, конкурс қорытындысы бойынша бізге 7-8 миллион бұйырады. Осының әсерінен көп нәрсені жарыққа шығара алмайтын қиындықтар кездеседі. Соған қарамастан, газет уақытында шығады. Жекешеленгеннен кейін де жағдайымыз жаман емес. Тапсырыстар уақытында орындалып, еркін тақырыптар кеңінен қозғалуда.

Құрманғазы ӨТЕБАЙ,
«Qarqaraly», «Абай-ақиқат», «Сельский труженик» аудандық газеттер редакциясы ЖШС директоры

«Көш жүре түзеледі»

Газеттер жекеменшік болған кез келген жағдайда өзін бейтарап ұстай алады. Әрине әлі күнге дейін газеттерде шешілмей тұрған мәселелер бар, бірақ оның бәрі уақытында орнына келеді деп ойлаймын.

Биылдан бастап «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңға көп өзгерістер енгізілді. Газеттер облыстық бюджеттен қаржы алатындықтан, қазіргі жағдай жаман емес, әлі де жақсы жаңалықтар болатын секілді.

Жалпы, газетке жазылған дүние – тасқа басылған тарих секілді. «Ortalyq Qazaqstan» газетінде істеген уақыттарда үлкен тәжірибе жинадым. Облыстық газеттің тілшілерге мақала жазуда көп шектеу қоймайтыны қуантады.

Журналистикаға әртүрлі салалардан мамандар тартып, оған жан бітірген дұрыс. Өңірлік үш газеттің құрылтайшысы болғандықтан, конвергентті журналистиканы дамытып, газеттердің арқасында деректі фильмдер түсіру мүмкіндігіне ие болдық.

Қазіргі таңда өкінішке қарай аудандық газеттердің оқырмандары азаюда. Ұлттық басылым күнінде 80-90 жылдық тарихы бар газеттер өзінің тарихын сақтап, халыққа қызмет атқаруын жалғастырса деген тілек бар.

Мейрам ДӘУЛЕТБЕКҰЛЫ,
аудандық «Shet shuǵylasy» газетінің директоры

Басылым бағытын өзгерткен жоқ

2 ақпан – Ұлттық баспасөз күні болып белгіленіп, мерекелік күндер тізіміне енді. Бұл – баспасөз саласында еңселі еңбек етіп, қалам тербеп жүрген барша әріптестеріміз үшін маңызды мереке. Себебі «Қазақ» газетінің алғашқы саны жарыққа шыққан күн. 90 жылға жуық тарихы бар Шет аудандық «Shet shuǵylasy» газетінің алғашқы саны 1937 жылы жарық көрді. Содан бері басылым күні бүгінге дейін заманымен, халқымен бірге етене қауышып келеді.

2012 жылдан бастап газет жауапкершілігі шектеулі серіктестігі болып жекешеленді. Әйтсе де өзінің негізгі бағыты мен мазмұнын, халық мүддесін көздеген бағытын өзгерткен жоқ. Бүгінде конкурс арқылы ұтып алған мемлекеттік тапсырыстың қаржысын игеріп қана қоймай, нарық талабына сай түрлі баспа өнімдерімен қатар, баннер басып шығаратын көлемді принтер сатып алып, жұмыс жасаудамыз. Биыл аудан әкімі Мұхит Мұхтаров газетіміздің барлық бетін түрлі-түсті етіп шығару жөнінде ұсыныс жасаған болатын. Әрине, ол үшін қаржылай көмек жасауда. Бұл газетімізге үлкен демеу болып отыр. Материалдық базамыз да жақсарды. Шағын ғана ұжымымызда 6 адам қызмет етеді.

Үлкен жауапкершілікті сезіне отырып, елдің көңілінен шығатындай мазмұнды газет шығару – біздің басты мақсатымыз болып қала бермек. Барша әріптестерімді Ұлттық басылым күнімен құттықтаймын!

Дайындаған
Аяулым СОВЕТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

● ЖАЗУШЫ, МЕМЛЕКЕТТІК СЫЙЛЫҚТЫҢ ИЕГЕРІ МҰХТАР МАҒАУИННІҢ ТУҒАНЫНА – 85 ЖЫЛ

Мұхтар мұнарасы

Қазақ руханияты қос бәйтерегінен – Қазақстанның Халық жазушысы, Мемлекеттік сыйлықтың иегері Мұхтар Мағауин мен абайтанушы ғалым, филология ғылымдарының докторы, профессор Мекемтас Мырзахметұлынан айырылды. Ұлтының мұңын мұңдап, жоғын түгендеген, көркемсөз бен көсемсөздің, көрегендік пен кемелдіктің, тынымсыз еңбек пен қажымас қайсарлықтың ерен үлгісіне айналған, алыптар шоғырының көсегелі көшін толықтырған, шын мәнінде, Толық Адамға сай ғұмыр сүрген екі арыс қайтпас сапарға аттанды. Шектеулі берілген ғұмыр-дарияның әр тамшысын зая кетірмей, шөліркеген жүректерге нәр тамызған Сіздердей сахип жандарды келешек ұрпақ еш уақыт ұмытпақ емес.

XX ғасырдың 60-жылдардан бастап ұлттың рухани кеңістігінде жаңаша эстетикалық ахуал қалыптаса бастады. Оны «постсоциалистік реализм эстетикасы» деуге болатындай. Социалистік реализм аморфты әдіс болып шықты. Өйткені ол әдебиеттің өзіндік заңдылықтары, имманентті үдерістері туғызбаған құбылыс еді. Алғашқы шығармаларымен-ақ әдебиетте жаңаша эстетика қалыптасқанын жария еткен Мұхтар Мағауин поэтикасы өзіне дейінгі шығармашылықтағы философиялық негіздер мен көркемдік-эстетикалық принциптерді қайта қараудың басы еді. Оның эстетикалық доктринасы алдыңғы кезеңнің рухани құндылықтары мен дүниетанымдық қырларын жаңаша парықтаудан барып дүниеге келді. Өйткені дәстүрлі эстетикалық ұстанымдарды басқаша екшеудің мысалдары ретіндегі модернистік ұстанымдар адамзат көшіндегі ауытқулар мен әлеуметтік-тарихи дағдарыстар тұрғысында белең алып, әлем келбетін, өмір шындығын танытуда өз потенциалын тауысып біткен эстетикаға қарсы тұрудан басталды.

Қаламгердің дербес жазу машығын, өмір құбылыстарын көркем игерудегі жеке стилін әйгілейтін прозалық туындылары әдебиеттің түрлі мәселелеріне арналған қабырғалы зерттеулерімен сабақтас. Ғылыми танымға тән мықты логика, дәлдік пен нақтылық көркем шығармаларда өз ізін тастап отырды. Шығарманың ой өзегі мен тақырыбы ұзақ жыл бойы зерттеп, ұңғыл-шұңғылын меңгерген саладан болуы да дүниетанымдық мәселелермен тамырлас. Ұлттық әдебиеттен мұндайлық мысалдардың бірнешеуін көрсетуге болады. Тіпті, ұлы Мұхтар Әуезовтің Абай тақырыбындағы көлемді туындысының ой өзегі де суреткер шығармаларын ғылыми зерделеуден басталған еді ғой. Бұл орайда М.Мағауиннің суреткерлігі әдеби-теориялық терең толғамдарын, зерттеушілік қарымын көркем тәжірибеге айналдырған М.Әуезовтің жазушылық жолына көбіне келіңкірейтіндей.

Құжаттық негізден ауытқымау, нақты тарихи деректердің айналасынан ұзап шықпау әдеби шығармашылықтың эстетикалық заңдылықтарына қайшы екені белгілі. Өмір шындығын өнер шындығына айналдырудың сан алуан тәжірибелерін меңгерген және зерттеген М.Мағауин тарихи шығармаларында деректік негіздерден шығандап кетпесе де, құрғақ фактіден белгілі бір арақашықтық сақтап отыруды білді. Сондықтан да тарихи тұлға табиғатындағы мінездер төркінін қаламгер түрлі уақыттық және кеңістік өлшемдеріне салды.

Мұны біз жазушы бойында әбден қалыптасып, мықтап тұрақтаған ғылыми ойлау жүйесі мен көркемдік ойлау жүйесінің бір ендікте тоқайласуы, тіпті тайталасы деп қарасақ та болады.

М.Мағауиннің шығармашылығын сөз қылғанда айтылмай қалмайтын бір қыры – оның бай тілі. Әсіресе, «Аласапырандағы» архаизм, историзм, экзотикалық сөздеріне қатысты әдебиеттанушылар мен лингвистер біршама пікірлер айтып, бірнеше ғылыми еңбектер де жариялады. Жазушы шығармаларындағы көнерген сөздердің қайта айналымға қосылғандарынан сөздік құрастыруды да әркім айтып жүрді. Ол жақсы бастама еді. Ұлттың байырғы сөз саптауын жетік меңгерді деген Тұрсын Жұртбайдың өзі сегіз жүзге тарта өзіне таңсық сөз жазып алғанын айтады. Өзі суреттеп отырған заман рухын, уақыт тынысын дәл сипаттау үшін бұрнағы жазу стилінің қаншалықты қымбат екенін білгендер көп болғанымен, оны дәл Мағауиндей жүзеге асыра білгендер аз. Ал байырғы тілдің мәйегіне жүгіну, көнерген сөздерге жаңа өмір беру поэтикалық заңдылықтардың антропологиялық болмысын сақтап қалу үшін қажет еді. Көп қаламгер Мұқаң толықтырған сөздік қорын кейін пайдаланды да.

М.Мағауин кеңестік дәуірде де кезеңдік тақырыптарға барған емес. Оның шығармашылығының негізгі лейтмотиві – қазақ тағдыры болып қалды. Тарихи санаға айырықша қозғау салған «Аласапыран» қанша шырғаланды басынан кешті.

Оған дейін жазушының адам концепциясын толық әйгілеген, ойды персонаждың жадынан, сана түпкірлерінен орын алып қалған жаңғырықтар арқылы туындататын сана ағымы тұрғысынан жазылған бір ғана «Тазының өлімі» повесінің өзі неге тұрады. Адам болмысының күрделі табиғатына, олардың қарым-қатынастарының мәнісіне, жалпы адамның әлемде алатын орны мен жаратылыс қайшылықтарына жазушы әлем әдебиетінде біршама қалыптасып қалған поэтикалық тәсіл – хайуанның көзімен қарайды. Повесте Тазының арпалысқа толы өз ғұмыры мен адамдардың қайшылыққа толы тірлігі туралы ойлары, тіпті ғаламат сәйкестігі жайындағы толғаныстары оның жадысы арқылы қайта тіріледі. Яғни, жоғалған уақытты іздеу сарынына орай сана қалтарыстарына жүгіну сынды модернистік әдеби техника толығымен салтанат құрады. Ал модернистер қолданған сана ағымы шетін ситуацияларды таңдамай-ақ, шығармадағы уақыт пен кеңістіктегі еркіндік арқылы жүзеге асады. Яғни, классикалық реализм үлгісіндегі әрекет пен сезім бірлігі қатаң сақтала бермей, ой тасқыны сюжет логикасына тым тәуелденбей, кейде фабуладан тыс та жасай береді.

Бір құбылысты адамның жас ұлғаю шамасына қарап, яғни балалық, толысу, егделену кезеңдеріндегі санасына салатын тәжірибе Лашын образына беріліп, көркем шығарманың идеялық-философиялық өзегін аңдатуға бастайды. Тазы өсе келе адамдардың күнделікті өмірінен әлдебір мағынасыздықты, күрмеуі шешілмес қайшылықтарды аңғара бастайды. «Өз иелерінің, иелері ғана емес, жалпы екі аяқты атаулының өмірінде, тұрмыс-салтында түсініксіз жайлардың көптігін Лашын жасы алты айдан асып, бойы өсіп, денесі іріленіп, үлкен итке жақындаған кезде ғана аңғарды. Бұрын бәрі де дұрыс, бәрі де орынды сияқты көрінетін. Енді ойлап қараса, ешбірі де ақылға сыймайды». Жазушы адамдар ортасын тілсіз мақұлықтың көзімен сырттай бақылай отырып, олардың тіршілік-қарекетінің қым-қиғаш қайшылықтарға толы екенін, абсурдтығын меңзейтін ойға жетелейді. Ешкімнің ала жібін аттамаған Қазы – басынан бақайшағына дейін қулық тұнған әрі қатыгез Есенжолдармен салыстырғанда қашан да аутсайдер.

Жалпы, повестегі Қазы бейнесі сюжеттің сыртқы контурын ұстап тұруға қажетті, Лашын ойлары арқылы берілетін сана ағымының үнемі бастау алып отыратын нысаны, керек десеңіз, өмір шындығының философиялық толғамдарға тамызық беретін фактісі түрінде алынған. Оның адамгершілік сапасы, өмірлік мұраты, ішкі рухани болмысы термеленбейді. Қазы – шығармада тым ерекшеленбейтін (аңсақтығы болмаса) сыртқы әрекеттерімен ғана бейнеленетін, монологтік форма өңдеуіне жуықтатылмаған, әредік сараң диалогтармен ғана кескінделетін образ. Оған күрескерлік қасиеттер дарытылмаған. Тіпті Есенжолмен болған кикілжің үстінде оған не жарытып жауап қатпаған, мерездігін бетіне баса алмаған, қолынан тек ірге аударып көшіп кету ғана келген күйректік сипаттары басым образ. Қаламгер оның ойлау үдерістерін, айналаға көзқарасын таныту сипаттарын термелеп жазбаса да, шексіз жалғыздыққа ұшыраған, сұрқай өмірдің сұмдықтары еңсесін әбден езгілеген, қатыгез әлемде жалғыздық қасіретін шеккен жан екеніне көз жеткізеді. Рухани жаратылыс ретінде толыққанды тіршілік етуге мүмкіндік бермейтін трагедиялы өмір туралы экзистенциализм сорабы аңғарылады.

Қазы образы орталық кейіпкер Лашын тіршілігімен белгілі бір аналогиялар, рухани-психологиялық параллельдер жүргізу үшін алынады. Қазының жан-жағын бөтенсіген ғұмыры мен Лашынның ит-ғұмырын бір-бірінен бөлшектеуге келмейтін тұтастық тұрғысында қараған жазушының философиялық түйіні өмір шындығын абсурдтық тұрғыда, иррационалдық ыңғайда жасалады. Ол түйін адамдардың беймәлім тұңғиықтан келіп, сол белгісіз тұңғиыққа аттану мағынасы төңірегінен шығарылады.

Тәуелсіздік алған жылдары аға буын жазушылардың ішінде тосырқап қалғандары болса, Мағауиннің екінші тынысы ашылғандай еді. Оның туындыларындағы асқан трагизм тарихи астардан да, адамның онтологиялық жалғыздығынан да өрбіп жатады. «Оралу», «Құмырсқа-қырғын», «Қос ағаш», «Тағдыр жазуы», «Күмбез» әңгімелеріндегі трагедия қоғамдық-әлеуметтік иерархиядан келіп шығатын, әсіресе сентиенталистер көп тоқталған «кішкентай адамның» нала-мұңы емес, жалғыздық шыңырауында қалған адам мен қоғамның қарым-қатынасы, дәлірек айтсақ, олардың арасындағы қандай да бір байланыстың жоғы. Жазушы оның қоршаған болмысынан әлдебір үйлесімсіздікті, қатыгездікті, адам ғұмырының асау толқын ағызып кете баратын жаңқа сияқты қорғансыздықты, мәңгі өз орнын іздеп өтетін, бірақ оны таппайтын мағынасыздықты көреді.

«Қыпшақ аруында» миф пен мифологиялық реминисценциялар, мифологизм элементтері, аңыздық сюжеттер адам болмысының қарама-қайшылықты табиғатын ашу үшін, бүгінгі күннің рухани мәселелеріне тереңдеу үшін қолданылады. «Жармақ» – бүгінгі қазақ әдебиетінің интеллектуалдық дамуының көрсеткіші. Басқаға қайдам, маған Мұқаңның шетелдегі өмірі әлемдік мәдени-танымдық, эстетикалық тенденцияларға барынша ден қоюына игі әсер еткендей көрінеді.

М.Мағауиннің біраз шығармалары қазақ әдебиетінің классикасына айналып үлгерді. Ал классика үшін уақыт деген – өте шартты нәрсе.

...Енді ұлы Мұқаң бізге, берісі қазақ, арысы алаш руханиятына өзінің зау биігінен, танымдық-эстетикалық ерен өрінен – Мұхтар мұнарасынан қарайды! Сол мұнараға біз де әрдайым көз тігіп, сыры мен мұңын тануға талпынумен күн кешерміз.

Жансая ЖАРЫЛҒАПОВ,
филология ғылымдарының докторы

Сурет **ашық дереккөзден**

● МЕРЕЙ

Тылсымның тілін ұққан жүрек

Ғаламды жаратқан Жаратушының құдіреті жұмыр басты пенденің басына тұтастай түсе салса, нендей хәлге тап боларымыз сол Жаратушының өзіне ғана аян. Оның сәулесі бізге Пайғамбарлар мен Әулиелер арқылы жетті. Олар Құдайдың нұрын жүрегіне сіңіріп, сол нұрды адамзат баласы түсінетін сөзге айналдырды. Кеудемізге ар-ұяттың, махаббаттың отын жақты. Музыка да көзге көрінбейтін, қолға ұстатпайтын құдіретпен тілдестіретін тылсым тіл секілді. Кеудеңдегі ізгіліктің шоғын үрлейтін самал жел. Оркестр алдындағы дирижер де өзінше бір Пайғамбар. Қаншама музыкалық аспаптардан тараған құдіретті әуендерді, жан-жақтан тасқындаған алапат қуатты тұла бойынан өткізіп, бір толқынға біріктіріп, артындағы тыңдарманға жүрегімен тыңдатып тұрғандай болады. Қарағандыда «Жусаннан аласа, бетегеден биік» мінезі һәм болмысы шертпе күйдің өзіндей талантты дирижер бар. Ол – Қали Байжанов атындағы Қарағанды концерттік бірлестігінің Тәттімбет атындағы академиялық қазақ халық аспаптары оркестрінің көркемдік жетекшісі, дирижері, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, ұстаз Абуғалисын Шоқанбаев. Биыл 70 жасқа толып отыр.

Ерік НАРЫН,
«Ortalyq Qazaqstan»

Қазақ музыкасының даңқын аспандатып жүрген Тәттімбет атындағы академиялық қазақ халық аспаптары оркестрі репертуарының 90%-ын осы Абуғалисын Шоқанбаев жасақтаған. Репертуардың басым бөлігі жан дүниеңдегі мұңыңды әлдилейтін, қоңыр тірліктің қоңыр кешінде қоңыр ойға батыратын Арқаның шертпе күйінен тұрады. Өксігіңді ақтарып, сарғайған сағынышыңды басатын, жалғаннан опа таппай бұлқынған жаныңды жұбататын шертпе күйі қазақтың. Оркестрдің ерекшелігі – осы. Талантты дирижер Тәттімбет, Сембек, Әбди, Қыздарбек, Тоқа, Аққыз, Мағауия, Әшімтай секілді ғаламат таланттардың шығармаларын оркестрмен өзгеше жаңғыртып, басқа биікке көтеріп жүр. Ал, таулары мен төбелері асау толқындарға ұқсаған сары даланы ой кемесімен аралатқан шертпе күйді домбыраға табиғаты жат аспаптар арқылы құлпырту үшін қандай түйсік, нендей жүрек керек? Осыны ойлап отырып, дирижерлық – Тәңірдің өзінен ғана қонатын қасиетті өнер екенін ұғынасың. Қазақстанда репертуарының 90%-ы шертпе күймен толыққан бірде бір оркестр жоғын ескеріңіз. Тіпті, «Шертпе күйді оркестрге салу мүмкін емес» деген домбырашылар да болған. Осы тұрғыдан алғанда, Абуғалисын Шоқанбаев Арқадағы күй мектебінің бағына жаралған дарын екені даусыз.

Талант адамға топырақтан дариды дейді. Абуғалисын Шоқанбаев ер Мәди өткен, дауылпаз ақын Қасым туған Қарқаралы топырағында дүниеге келген. Пан Темірші мен Кент, Қызыларай таулары-ның қамқорлығында өскен айдарлы ұл.

Адамның тұлға болып қалыптасуына, бойындағы қайнар көзінің ашылуына өскен ортасы, білім берген ұстаздары сеп болары анық. Құрманғазы атындағы Ұлттық консерваторияның домбыра сыныбында әйгілі КСРО Халық әртісі, профессор Шамғон Қажығалиевтан, Мәкәлім Қойшыбаевтан, Кенжебек Күмісбековтерден дәріс алған. Сонда оқып жүріп қазақтың әйгілі күйшісі, композиторы, дирижері, Қазақ КСР Халық әртісі Нұрғиса Тілендиевтің көзін көргені, тәжірибелік сабақтарына қатысқаны кеудесіндегі жанартауды оятқандай. Әруақты қазақтың жарығы ғұмыр жолын тауып бергендей. Абуғалисын Шоқанбаев «Дирижерлықты Алдаберген Мырзабеков оқытты. Сол жылы тәжірибе жинасын деп Құрманғазы атындағы оркестрге жұмысқа алды. Бұл шығармашылығыма, жалпы өмір жолыма әсерін берді. Ұжымда атақты дирижерлер, өнерпаздар еңбек етті. Әсіресе, қазақтың әйгілі дирижері, Қазақ КСР Халық әртісі Нұрғиса Тілендиевтің оркестр дайындығына келгені біз үшін ең жарқын, аяулы сәттер еді. Нұрекеңнің жұмыс істеу стилі ерекше. Әрқайсымыздың жанымызға үңіле білді. Бойдағы қуаты төңірегіне шашылып тұратын. Сөйлегенін, тұрысын, бәрін кірпік қақпай тамашалап отыратынбыз. «Махамбет» күйін орындағанда, тылсым әлемге сапарлап кететінбіз. Орындайтын шығармамызды жан-жақты талдап, болмысын түсіндіретін. Бір сөзбен айтқанда, Нұрекең кеудеміздегі музыкаға деген махаббат отын лаулатты. Сол от ғұмыр бойы алға жетелеп келе жатыр десем, артық айтқаным емес. Өмірімнің ең бақытты кезеңі еді, шіркін!», – дейді өзінің естелігінде.

Бір қарағанда, жіңішке таяқшаны алып, әрі-бері ырғағанның еш қиындығы жоқ секілді. Бірақ, мәнісін түсінген адам дирижер қолының қимылына қарап әуен толқындарының бәсеңдегенін, аспанға қарғығанын сезінеді. Бейне бір дауылды күні мұхит жағалауында тұрып, асау толқындарды билеп-төстеген Жаратқанның ерекше жаратылған ұлындай. Тек, асау толқындар оның қолына емес, жүрегіне бағынады. Бұл – музыка әлемінің тылсым толқындарын сезетін, тілін түсінетін жүрек. Ал, оркестрде отырған 65 музыкант – 65 түрлі дауыл. Әрқайсының өз мінезі бар. Қарапайым, әрі анықтамалық тілмен айтатын болсақ, неміс халқының ұлы дирижері Бруно Вальтерге жүгінеміз. Ол «Музыкада дирижер мамандығынан жарқын, этикалық жауапкершілігі мол мамандық жоқ. Ұлылықты түсініп, оны жеткізу үшін ұлы болу керек. Дирижер – ойдың билеушісі. Ол – музыкалық және адамзатты біріктіретін рухани идеялардың уағызшысы, бейнелеушісі», – дейді.

Абуғалисын Шоқанбаевты бабадан қалған асыл мұраны ұрпақтан ұрпаққа жеткізу жолында еңбек етіп жүрген тұлға деп те танимыз. Қазақ музыкасына күш-қайратын, ғұмырын арнаған дирижер осы уақытқа дейін 8 кітап жазыпты. Анығын айтқанда, қазақтың шертпе күйлерін, өткен ғасырлардағы ел жадынан өшуге айналған композиторлардың туындылары мен халық әндерін нотаға түсірген. Әсіресе, Тоқырауынның бойындағы, Ақсу-Аюлыдағы, Жаңаарқадағы, Нұрадағы, Бұқар жырау төңірегіндегі ел естімеген, таралмаған күйлерді жинақтаған. Барлығы Тәттімбет атындағы академиялық халық аспаптары оркестрінің репертуарына енген. Ол – қазақ музыкасын ұрпақтан ұрпаққа жеткізу деген маңызы зор миссияны атқарушылардың бірі де бірегейі.

12 жыл Тәттімбет атындағы өнер колледжінде халық аспаптары бөлімін басқарды. 1994 жылы колледжде халық аспаптары бөлімінің жанынан дәстүрлі ән бөлімін ашты. Бөлімде Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері марқұм Мейірхан Адамбеков ұстаздық қызмет атқарды. Колледжден бөлек, облыс бойынша халық аспаптары сыныптарының ашылуына ықпал етті.

«Тәңірімнің таңдауы маған түсті» дейді бір сұхбатында заңғар жазушы Мұхтар Мағауин. Абуғалисын Шоқанбаевты қазақ музыкасының, соның ішінде аса қастерлі шертпе күйдің бағына туған дегдар дарын деп мойындауға міндеттіміз. Оның жинақтаған күйлері мен халықтың жадынан ұмытылып бара жатқан Сарыарқаның гауһар әндері әлі талай ғасырға жететініне сенеміз. Қажет кезінде өзіңдей бір маңдайы жарқыраған ұл берер Тәңірі мына елге.

Сурет **автордан**

● ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ

Ерекше балаларға ерекше көзқарас керек

Ю.Гагарин атындағы мектеп-лицейінде инклюзивті білім беру алғаш рет 2014-2015 оқу жылында енгізілген болатын. Содан бері ерекше білім беруді қажет ететін балалар саны 8 оқушыдан 50 оқушыға дейін өсті. Ерекше қажеттіліктері бар балалар – бұл білім алуында белгілі бір қиындықтарға тап болған балалар. Әр баланың өзіндік ерекшелігі мен әлемі бар, бұл оларға жекелей көзқарас пен қамқорлықты қажет етеді. Мектеп ұжымы мен мамандардың үйлесімді жұмысы инклюзивті білім берудің дамуына үлкен үлес қосуда.

Ерекше балаларға қолдау көрсету арқылы оларды қоғамға бейімдеу және олардың білім алу құқықтарын іске асыру маңызды мақсаттардың бірі болып табылады. Ю.Гагарин атындағы мектеп-лицейінде инклюзивті білім беру бағдарламасын іске асыру барысында ерекше білім беруді қажет ететін балаларға ерекше көңіл бөлініп келеді.

Инклюзивті білім беру дегеніміз не және ол не үшін қажет? Инклюзивті білім беру – бұл ерекше білім беруді қажет ететін балаларды жалпы білім беру ортасына қосу, оларға тең мүмкіндіктер ұсыну. Біз әр баланың жеке мүмкіндіктерін, қабілеттерін ескере отырып, оқу процесін бейімдейміз.

Біздің мақсатымыз – балаларды оқытуға ғана емес, сонымен қатар, олардың қоғамға бейімделуіне көмектесу. Балалар тек білім алып қана қоймай, әлеуметтік дағдыларды да меңгеріп, өздерін қоғамның бір бөлігі ретінде сезінулері қажет. Осы мақсатта инклюзивті білім беру үшін барлық қажетті жағдайлар қарастырылған.

Мектепте логопед, психолог, арнайы педагогтар, әлеуметтік педагог және басқа да мамандар балалармен күнделікті жұмыс істейді. Әр баламен жеке жұмыс жоспары құрылады. Бұл оларға оқу материалын түсініп, өздеріне қажетті дағдыларды меңгеруге мүмкіндік береді. Сонымен қатар, біз балалардың мектеп ортасында өздерін жайлы сезінуі үшін қолайлы және қолжетімді орта жасаймыз.

Инклюзивті білім беруді дамытуда қиындықтар бар. Мәселен, негізгі қиындықтардың бірі – қоғамда инклюзивті білім беру туралы түсініктің жеткіліксіздігі. Біз ерекше қажеттіліктері бар балаларды қабылдау және оларға қолдау көрсету мәдениетін қалыптастыру үшін ата-аналармен, мұғалімдермен және оқушылармен түсіндіру жұмыстарын жүргіземіз. Педагогикалық ұжым өте ынтымақты және осы бірлесе атқарған жұмыстың арқасында балаларға сапалы білім беру мүмкін болып отыр.

Жақында біздің мектеп аудандық ресурстық орталық мәртебесін алды. Бұл бізге басқа мектептермен тәжірибе бөлісуге мүмкіндік береді.

Ю.Гагарин атындағы мектеп-лицейдің педагогикалық ұжымы инклюзивті білім беруді дамыту арқылы әр баланың әлеуетін ашуға ұмтылып, қоғамда ерекше балаларға тең жағдай жасауға үлес қосып келеді.

Балдырған БЕКИШЕВА,
Ю.Гагарин атындағы мектеп-лицейдің педагогі, инклюзивті білім беру үйлестірушісі

Шет ауданы

Қарағанды облысы Денсаулық сақтау басқармасының «Саран қаласының ауруханасы» ШЖҚ КМК директорының бос лауазымына орналасуға конкурс жариялайды, мекен-жайы: Қарағанды облысы, Саран қаласы, Саран көшесі, 28 пошталық индексі: 101200, телефон: 8 (72137) 7-99-60. E-mail: kgkp_cb1@mail.ru

Конкурстың барлық қатысушыларына қойылатын жалпы біліктілік талаптары:

«Денсаулық сақтау» дайындық бағыты бойынша жоғары білім, «денсаулық сақтау менеджменті» («Қоғамдық денсаулық сақтау») мамандығы бойынша сертификаттық курстан (қайта даярлаудан) өткені туралы куәлік және (немесе) тиісті мамандық бойынша біліктілік беру туралы куәлік немесе «денсаулық сақтау» және (немесе) «Бизнес, басқару және құқық» даярлау бағыты бойынша жоғары білім немесе «денсаулық сақтау» және (немесе) «Бизнес және құқық» даярлау бағыты бойынша жоғары оқу орнынан кейінгі білім немесе MBA executive немесе fulltime дәрежесі, Денсаулық сақтау, Денсаулық сақтау саласындағы басшылық лауазымдардағы жұмыс өтілі кемінде 2 жыл.

Білуге тиіс:

Қазақстан Республикасының Конституциясы, Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі, Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі, «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасының кодексі, «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Қазақстан Республикасының кодексі, «Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасының Заңы, «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы», «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» Қазақстан Республикасының Заңы; қазіргі заманғы басқару қызметінің стратегиялық және ұйымдастырушылық аспектілері; денсаулық сақтау ұйымдарының жоспарлы-экономикалық және қаржылық қызметінің негіздері; ұйымның қызметін басқарудың экономикалық әдістері мен талдау; медициналық қызметтер нарығының конъюнктурасы; денсаулық сақтаудағы адам ресурстарын басқарудағы үздік практикалар; халық денсаулығының жай-күйін сипаттайтын статистика, өлшемдер мен көрсеткіштер; отандық медицинаның қазіргі заманғы ғылыми жетістіктері, денсаулық сақтауды басқарудағы үздік халықаралық тәжірибе; еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, өндірістік санитария және өртке қарсы қауіпсіздік жөніндегі қағидалар мен нормаларды; төтенше жағдайлар кезінде қызметті ұйымдастыру.

Лауазымдық міндеттері:

Денсаулық сақтау ұйымының өндірістік, қаржы-шаруашылық қызметіне басшылық жасайды, қабылданатын басқарушылық шешімдерге, ұйым мүлкінің сақталуы мен тиімді пайдаланылуына, сондай-ақ Қаржы-шаруашылық қызметінің нәтижелеріне жауапты болады. Ұйым қызметінің саясатын, стратегиясын және оны іске асыру тетігін айқындайды. Көрсетілетін диагностикалық, емдеу және профилактикалық көмектің тиімділігі мен сапасын одан әрі арттыруға, көрсетілетін қызметтердің сапасы мен бәсекеге қабілеттілігін арттыруға бағытталған персонал жұмысының жаңа ұйымдастырушылық нысандары мен әдістерін енгізуді және қолданыстағыларын жетілдіруді қамтамасыз етеді. Ұйымның құрылымдық бөлімшелерінің тиімді өзара іс-қимылын қамтамасыз етеді, олардың іс-қимылдарын көрсетілетін медициналық қызметтерді дамытуға және жетілдіруге бағыттайды. Ұйымды білікті кадрлармен қамтамасыз ету, олардың кәсіби білімі мен тәжірибесін ұтымды пайдалану, өмір мен денсаулық үшін қауіпсіз еңбек жағдайларын жасау, ұжымда қолайлы психологиялық атмосфераны қалыптастыру бойынша шаралар қабылдайды. Ұйым қызметін талдау және оның жұмысының көрсеткіштерін бағалау негізінде ұйым жұмысының нысандары мен әдістерін жақсарту бойынша қажетті шараларды қабылдайды. Әлеуметтік әріптестік қағидаттары негізінде ұжымдық шартты әзірлеуді, жасасуды және орындауды, еңбек тәртібін сақтауды қамтамасыз етеді, қызметкерлердің еңбек уәждемесін, бастамасы мен белсенділігін дамытуға ықпал етеді. Санитариялық-эпидемиологиялық жағдайларды зерделеу және бағалау жөніндегі жұмысты үйлестіреді, адам денсаулығына қолайсыз әсер етудің басым факторларын айқындайды. Санитарлық-эпидемиологиялық жағдайды жақсарту бойынша пәрменді шаралар қабылдайды. Гигиеналық және эпидемияға қарсы іс-шаралардың жүргізілуін, санитарлық ережелер мен нормалар мен гигиеналық нормативтердің сақталуын жедел және зертханалық-аспаптық бақылауды және қадағалауды ұйымдастырады. Ұйым қызметінде, оның ішінде қаржы-шаруашылық басқару, шарттық және қаржылық тәртіпті нығайту, әлеуметтік-еңбек қатынастарын реттеу мәселелерінде медициналық этика, заңдылық талаптарының сақталуын қамтамасыз етеді. Қызметкерлерді жұмысқа қабылдауды және жұмыстан босатуды жүзеге асырады. Жеке және заңды тұлғалармен келісім-шарттар жасайды, мәмілелер жасайды. Өз құзыретіндегі мәселелер бойынша барлық қызметкерлер үшін міндетті өкімдер мен бұйрықтар шығарады. Ұйымды мемлекеттік органдарда, ұйымдарда және сотта мүдделерін білдіреді.

Конкурс Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 27 мамырдағы №ҚР-ДСМ-58/2020 «Денсаулық сақтау саласындағы Байқау кеңесі бар шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорынның атқарушы органының немесе республикалық атқарушы органы басшысының функцияларын жеке-дара жүзеге асыратын басшысының бос лауазымына конкурс өткізу қағидаларын бекіту туралы» бұйрығына, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 21 желтоқсандағы №ҚР ДСМ-305/2020 «Денсаулық сақтау саласындағы мамандықтар мен мамандандырулар номенклатурасын, Денсаулық сақтау қызметкерлері лауазымдарының номенклатурасы мен біліктілік сипаттамаларын бекіту туралы» бұйрығына сәйкес өткізіледі.

Конкурсқа қатысуға ниет білдірген адам конкурс өткізу туралы хабарландыруда көрсетілген мерзімде мынадай құжаттарды ұсынады:

1. Конкурсқа қатысу туралы өтініш;
2. Еркін нысанда жазылған өмірбаян;
3. Білімі туралы құжаттардың көшірмелері;
4. Еңбек кітапшасының (ол болған кезде) немесе еңбек шартының көшірмесі, еңбек шартын қабылдау және тоқтату туралы бұйрықтардың көшірмелері не жұмыс өтілін растайтын басқа да құжат;
5. **Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің м. а. 2020 жылғы 30 қазандағы № ҚР ДСМ-175/2020 «Денсаулық сақтау саласындағы есепке алу құжаттамасының нысандарын бекіту туралы» бұйрығымен бекітілген «медициналық анықтама (дәрігерлік кәсіби-консультациялық қорытынды)»№ 075/е нысаны**
6. ҚР Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің соттылығының жоқтығы туралы анықтамасы.

Конкурсқа келесідей адамдар қатыса алмайды:

1) он сегіз жастан кіші;
2) бұрын сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасаған;
3) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен өтелмеген немесе алынбаған соттылығы бар адам;
4) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де жағдайлар.

Конкурсқа қатысу үшін қажетті құжаттар Қарағанды облысы Денсаулық сақтау басқармасының «Саран қаласының ауруханасы» ШЖҚ КМК-на мына мекенжай бойынша ұсынылуы тиіс: Қарағанды облысы, Саран қаласы, Саран көшесі, 28 пошталық индексі: 101200, телефон: 8 (72137) 7-99-60. E-mail: kgkp_cb1@mail.ru директордың қабылдау кабинеті. Бұқаралық ақпарат құралдарының басылымдарында конкурс өткізу туралы хабарландыру жарияланған сәттен бастап 15 күнтізбелік күн ішінде.

Қарағанды облысы Денсаулық сақтау басқармасының «Қарағанды қаласының №5 емханасы» КМК директорының бос лауазымына орналасуға конкурс жариялайды, мекен-жайы: Қарағанды қаласы, Мұқанов көшесі, 5/4, пошталық индексі: 100026, телефон: 8 (7212) 55-91-30. E-mail: info@emhana5.kz

Конкурстың барлық қатысушыларына қойылатын жалпы біліктілік талаптары:

«Денсаулық сақтау» дайындық бағыты бойынша жоғары білім, «денсаулық сақтау менеджменті» («Қоғамдық денсаулық сақтау») мамандығы бойынша сертификаттық курстан (қайта даярлаудан) өткені туралы куәлік және (немесе) тиісті мамандық бойынша біліктілік беру туралы куәлік немесе «денсаулық сақтау» және (немесе) «Бизнес, басқару және құқық» даярлау бағыты бойынша жоғары білім немесе «денсаулық сақтау» және (немесе) «Бизнес және құқық» даярлау бағыты бойынша жоғары оқу орнынан кейінгі білім немесе MBA executive немесе fulltime дәрежесі, Денсаулық сақтау, Денсаулық сақтау саласындағы басшылық лауазымдардағы жұмыс өтілі кемінде 2 жыл.

Білуге тиіс:

Қазақстан Республикасының Конституциясы, Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі, Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі, «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасының Кодексі, «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Қазақстан Республикасының кодексі, «Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасының Заңы, «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы»», «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» Қазақстан Республикасының Заңы; қазіргі заманғы басқару қызметінің стратегиялық және ұйымдастырушылық аспектілері; денсаулық сақтау ұйымдарының жоспарлы-экономикалық және қаржылық қызметінің негіздері; ұйымның қызметін басқарудың экономикалық әдістері мен талдау; медициналық қызметтер нарығының конъюнктурасы; денсаулық сақтаудағы адам ресурстарын басқарудағы үздік практикалар; халық денсаулығының жай-күйін сипаттайтын статистика, өлшемдер мен көрсеткіштер; отандық медицинаның қазіргі заманғы ғылыми жетістіктері, денсаулық сақтауды басқарудағы үздік халықаралық тәжірибе; еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, өндірістік санитария және өртке қарсы қауіпсіздік жөніндегі қағидалар мен нормаларды; төтенше жағдайлар кезінде қызметті ұйымдастыру.

Лауазымдық міндеттері:

Денсаулық сақтау ұйымының өндірістік, қаржы-шаруашылық қызметіне басшылық жасайды, қабылданатын басқарушылық шешімдерге, ұйым мүлкінің сақталуы мен тиімді пайдаланылуына, сондай-ақ Қаржы-шаруашылық қызметінің нәтижелеріне жауапты болады. Ұйым қызметінің саясатын, стратегиясын және оны іске асыру тетігін айқындайды. Көрсетілетін диагностикалық, емдеу және профилактикалық көмектің тиімділігі мен сапасын одан әрі арттыруға, көрсетілетін қызметтердің сапасы мен бәсекеге қабілеттілігін арттыруға бағытталған персонал жұмысының жаңа ұйымдастырушылық нысандары мен әдістерін енгізуді және қолданыстағыларын жетілдіруді қамтамасыз етеді. Ұйымның құрылымдық бөлімшелерінің тиімді өзара іс-қимылын қамтамасыз етеді, олардың іс-қимылдарын көрсетілетін медициналық қызметтерді дамытуға және жетілдіруге бағыттайды. Ұйымды білікті кадрлармен қамтамасыз ету, олардың кәсіби білімі мен тәжірибесін ұтымды пайдалану, өмір мен денсаулық үшін қауіпсіз еңбек жағдайларын жасау, ұжымда қолайлы психологиялық атмосфераны қалыптастыру бойынша шаралар қабылдайды. Ұйым қызметін талдау және оның жұмысының көрсеткіштерін бағалау негізінде ұйым жұмысының нысандары мен әдістерін жақсарту бойынша қажетті шараларды қабылдайды. Әлеуметтік әріптестік қағидаттары негізінде ұжымдық шартты әзірлеуді, жасасуды және орындауды, еңбек тәртібін сақтауды қамтамасыз етеді, қызметкерлердің еңбек уәждемесін, бастамасы мен белсенділігін дамытуға ықпал етеді. Санитариялық-эпидемиологиялық жағдайларды зерделеу және бағалау жөніндегі жұмысты үйлестіреді, адам денсаулығына қолайсыз әсер етудің басым факторларын айқындайды. Санитарлық-эпидемиологиялық жағдайды жақсарту бойынша пәрменді шаралар қабылдайды. Гигиеналық және эпидемияға қарсы іс-шаралардың жүргізілуін, санитарлық ережелер мен нормалар мен гигиеналық нормативтердің сақталуын жедел және зертханалық-аспаптық бақылауды және қадағалауды ұйымдастырады. Ұйым қызметінде, оның ішінде қаржы-шаруашылық басқару, шарттық және қаржылық тәртіпті нығайту, әлеуметтік-еңбек қатынастарын реттеу мәселелерінде медициналық этика, заңдылық талаптарының сақталуын қамтамасыз етеді. Қызметкерлерді жұмысқа қабылдауды және жұмыстан босатуды жүзеге асырады. Жеке және заңды тұлғалармен келісім-шарттар жасайды, мәмілелер жасайды. Өз құзыретіндегі мәселелер бойынша барлық қызметкерлер үшін міндетті өкімдер мен бұйрықтар шығарады. Ұйымды мемлекеттік органдарда, ұйымдарда және сотта мүдделерін білдіреді.

Конкурс Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 27 мамырдағы № ҚР-ДСМ-58/2020 «Денсаулық сақтау саласындағы Байқау кеңесі бар шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорынның атқарушы органының немесе республикалық атқарушы органы басшысының функцияларын жеке-дара жүзеге асыратын басшысының бос лауазымына конкурс өткізу қағидаларын бекіту туралы» бұйрығына, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 21 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-305/2020 «Денсаулық сақтау саласындағы мамандықтар мен мамандандырулар номенклатурасын, Денсаулық сақтау қызметкерлері лауазымдарының номенклатурасы мен біліктілік сипаттамаларын бекіту туралы» бұйрығына сәйкес өткізіледі.

Конкурсқа қатысуға ниет білдірген адам конкурс өткізу туралы хабарландыруда көрсетілген мерзімде мынадай құжаттарды ұсынады:

1. Конкурсқа қатысу туралы өтініш;
2. Еркін нысанда жазылған өмірбаян;
3. Білімі туралы құжаттардың көшірмелері;
4. Еңбек кітапшасының (ол болған кезде) немесе еңбек шартының көшірмесі, еңбек шартын қабылдау және тоқтату туралы бұйрықтардың көшірмелері не жұмыс өтілін растайтын басқа да құжат;
5. **Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің м. а. 2020 жылғы 30 қазандағы № ҚР ДСМ-175/2020 «Денсаулық сақтау саласындағы есепке алу құжаттамасының нысандарын бекіту туралы» бұйрығымен бекітілген «медициналық анықтама (дәрігерлік кәсіби-консультациялық қорытынды)»№ 075/е нысаны**
6. ҚР Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің соттылығының жоқтығы туралы анықтамасы.

Конкурсқа келесідей адамдар қатыса алмайды:

1) он сегіз жастан кіші;
2) бұрын сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасаған;
3) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен өтелмеген немесе алынбаған соттылығы бар адам;
4) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де жағдайлар.

Конкурсқа қатысу үшін қажетті құжаттар Қарағанды облысы Денсаулық сақтау басқармасының «Қарағанды қаласының №5 емханасы» КМК-на мына мекенжай бойынша ұсынылуы тиіс: Қарағанды қаласы, Мұқанов көшесі, 5/4, пошталық индексі: 100026, телефон:8 (7212) 91-55-30. E-mail: info@emhana5.kz директордың қабылдау кабинеті. Бұқаралық ақпарат құралдарының басылымдарында конкурс өткізу туралы хабарландыру жарияланған сәттен бастап 15 күнтізбелік күн ішінде.

КГП на ПХВ «Больница города Сарани» Управления здравоохранения Карагандинской области объявляет конкурс на занятие вакантной должности директора КГП на ПХВ «Больница города Сарани» расположенного по адресу: г.Сарань улица Саранская 28, почтовый индекс: 101200, телефон8 (72137) 79960. E-mail: kgkp_cb1@mail.ru

Общие квалификационные требования ко всем участникам конкурса:

